



**2022 жылдағы адвокатураның
жай-күйі және азаматтардың құқықтары
мен бостандықтарын қорғау бойынша
адвокаттардың қызметі туралы
ҰЛТТЫҚ БАЯНДАМА**

Қазақстан Республикасы Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев:

«Құқықтық мемлекеттің маңызды шарты – туралықтан танбайтын әділ сот төрелігінің болуы. Сот жарыспалы қағидат бойынша жүруге және судья айыптаушы жаққа тәуелді болмауға тиіс. Сол үшін адвокат пен прокурордың теңдігін қамтамасыз ету қажет»

*Қазақстан халқына Жолдауы
«Жаңа жағдайдағы Қазақстан: іс-қимыл кезеңі»
2020 жылғы 1 қыркүйек*



«Күшті және тәуелсіз адвокатураны қамтамасыз ету мемлекет құру мүмкін емес.

Мемлекеттік аппараттың тиімділігі негізінен азаматтар мен кәсіпорындардың құқықтары мен мүдделерін кәсіби қорғау үшін мүмкіндіктер жасаумен байланысты.

Елдегі кәсіпкерлік және инвестициялық белсенділік деңгейі де осыған байланысты.

Сондықтан адвокаттың рөлін асыра бағалау қиын»

*Ұлттық қоғамдық сенім кеңесінің V отырысы
2021 жылғы 25 ақпан*




«Азаматтардың құқығын қорғағанда құқық қорғаушылардың, соның ішінде адвокаттардың құқығы туралы ұмытпаған жөн. Олардың қызметінің қауіпсіздігін қамтамасыз етіп, жұмысына кедергі келтіретін заңсыз әрекеттердің жолын кесу қажет»

*Қазақстан халқына Жолдауы
«Халық бірлігі және жүйелі реформалар – ел өркендеуінің берік негізі»
2021 жылғы 1 қыркүйек*



МАЗМҰНЫ

КІРІСПЕ	5
I. Адвокатураның жай-күйі туралы жалпы ақпарат	9
1. Адвокаттардың саны	10
2. Көрсетілген заң көмегі бойынша статистика	14
II. Адвокаттардың кәсіби құқықтарын және адвокаттық қызмет кепілдіктерін бұзу	15
1. Адвокаттарды өзінің қорғауындағы адамдарға қатысты тергеу әрекеттеріне жібермеу	17
2. Адвокаттардың өзінің қорғауындағы адамдармен кездесуіне кедергілер	21
3. Адвокаттарға танысу үшін іс материалдарын бермеу	24
4. Адвокаттарға мемлекеттік құпияларға рұқсат беру мәселелері	25
5. Адвокаттарға қатысты жасырын тергеу әрекеттерін жүргізу	26
6. Адвокаттық сұрау салуларға байланысты бұзушылықтар	28
7. Адвокаттық қызмет кепілдіктерінің жеткіліксіздігі	30
8. Адвокаттардың Республикалық адвокаттар алқасына жолдаған құқықтарының бұзылуы туралы өтініштерінің статистикасы	30
III. Адвокатура проблемаларына мемлекет тарапынан тиісті назардың болмауы	33
1. Заңнаманың кемсітушілік нормалары	34
2. Заң шығару процесінде адвокаттардың пікірін елемеу	37
3. Ауыл тұрғындарының заң көмегін алу құқығын жүзеге асырудағы қиындықтар	44
IV. Көрсетілетін заң көмегінің сапасы	45
1. Мемлекет кепілдік берген заң көмегінің сапа мәселелері	46
2. Адвокат мамандығына қабылдау	49
3. Біліктілікті арттыру, кезекті аттестаттау	52
4. Адвокаттардың тәртіптік жауапкершілігі	53
V. Қорытындылар	59



КІРІСПЕ

Қазақстан Республикасының Конституциясында біздің мемлекетіміздің ең жоғары құндылықтары ретінде адам, оның өмірі, құқықтары мен бостандықтары көрсетілген *(1 баптың 1 тармағы)*.

Адамның құқықтары мен бостандықтарының кепілдіктерін сақтау мақсатында Конституцияда әркімнің білікті заң көмегін алу құқығы бекітілген *(13 баптың 3 тармағы)*.

Қазақстан Республикасының Конституциялық Кеңесі өз қаулыларында Конституция адвокаттарға жеке және заңды тұлғаларға білікті заң көмегін көрсету бойынша, ал мемлекетке әрбір адамның осындай көмекке конституциялық құқығын қамтамасыз ету бойынша ерекше міндет жүктейтінін бірнеше рет атап өтті. Жеке және заңды тұлғаларға білікті заң көмегін көрсетудің конституциялық-құқықтық парызы негізінен адвокаттардың міндеті болып табылады *(1999 ж. 2 шілдедегі №12/2 қаулы, 2009 жылғы 20 тамыздағы №5 Нормативтік қаулы)*.

Үш онжылдықтың ішінде қазақстандық адвокатура өзінің миссиясын оның толық маңыздылығын түсіне отырып жүзеге асыруда. Алайда, осы кезге дейін адвокаттардың мәселелері мемлекет назарынан шет қалып отыр.

Мемлекет басшысы адвокаттардың қызметін өзгертуге қатысты нұсқауларды жариялағаннан кейін жағдай өзгере бастады.

Мәселен Президент 2020 жылғы 1 қыркүйектегі Қазақстан халқына Жолдауында прокурор мен адвокаттың теңдігін қамтамасыз ету қажеттілігін атап өтті.

2021 жылғы 25 ақпандағы Ұлттық қоғамдық сенім кеңесінің отырысында Президент «күшті және тәуелсіз адвокатураны құқықтық мемлекет құру мүмкін емес» деген болатын.

Қасым-Жомарт Тоқаев 2021 жылғы 1 қыркүйектегі Қазақстан халқына Жолдауында «азаматтардың құқығын қорғағанда құқық қорғаушылардың, соның ішінде адвокаттардың құқығы туралы ұмытпаған жөн. Олардың қызметінің қауіпсіздігін қамтамасыз етіп, жұмысына кедергі келтіретін заңсыз әрекеттердің жолын кесу қажет» – деді.

Адвокатура Президент айтып өткен бағдарламалық нұсқауларды үлкен үмітпен қабылдады, өйткені заңдарда бекітілген адвокаттардың құқықтары мен адвокаттық қызмет кепілдіктерінің көлемі бүгінгі күні жеткіліксіз. Сонымен қатар, қолданыстағы нормалар толық жұмыс істемейді және қорғаушылар іс жүзінде өздерінің кәсіби қызметіне кедергі келтіретін жағдайлармен әрдайым кездесіп отырады.

Адвокаттар, судьялар, прокурорлар, тергеушілер мен анықтаушылар бір мамандықтың өкілдері – заңгер және олар құқыққа қызмет ету жалпы миссиясын жүзеге асырады. Сонымен бірге, бұл мәртебелерде тепе-теңдіктің бұзылуының айқын көрінісі бар, бұл бүкіл құқықтық жүйенің әрекетсіздігіне әкеледі. Бұдан бөлек, мемлекеттік органдар тарапынан адвокаттық қызмет кепілдіктерін бұзу заң мамандығының барлық өкілдері үшін ортақ құндылықтардың бұрмалануына әкеп соғады. Қолжетімді ақпаратты талдау нәтижелері бойынша Қазақстан тәуелсіздік алғаннан бастап бүгінгі күнге дейін адвокаттардың құқықтарын және адвокаттық қызмет кепілдіктерін бұзғаны үшін қылмыстық жауаптылыққа тартуға қатысты бірде-бір жағдай болмағанын көруге болады. Адвокаттардың заңды қызметіне кедергі келтіргені үшін қылмыстық жауапкершілікке тарту туралы қолданыстағы норма жұмыс істемейді.

Республикалық адвокаттар алқасы мен аймақтық алқалар адвокатураның жағдайын іштен жақсарту үшін мүмкіндігінше бірлесіп күш салуда. Бұл жерде басты мәселелерді шешу орталық мемлекеттік органдармен тығыз ынтымақтастық және табысты өзара іс-қимыл жасау кезінде ғана мүмкін болатыны анық.

Адвокатура өзінің өзекті проблемалары бойынша тиісті инстанцияларға бірнеше рет жүгінді. Сонымен қатар, мемлекеттік аппарат өкілдерінің қатысуымен кездесулер өткізілді, проблемалар Президент жанындағы Адам құқықтары жөніндегі комиссияның отырыстарында, сондай-ақ Парламент депутаттарының алдында айтылды. Осындай кездесулердің қорытындысы бойынша адвокатура ұйымдары үшін де, мүдделі министрліктер мен ведомстволар үшін де ұсынымдар әзірленді.

Адвокатура өз проблемаларын жүйелі негізде шешуге қосымша күш салуда – 50-ге жуық өкіл мемлекеттік органдар жанындағы жұмыс топтарына, қоғамдық кеңестерге, комиссияларға және өзге де құрылымдарға енгізілді.

Алайда, Президенттің бағдарламалық нұсқауларына, Адам құқықтары жөніндегі комиссия мен Мәжіліс депутаттары әзірлеген ұсынымдарға қарамастан, адвокат мәртебесін арттыру процесі жеткілікті қарқында жүзеге аспай, бюрократиялық сипаттағы кедергілер еңсерілмей отыр.

Айқын мысал ретінде заңнамалық процесс шеңберіндегі жұмысты алуға болады. Заң шығару процесі барлық мүдделі тараптардың пікірлерін ескеруді көздейтіні белгілі. Алайда, адвокатура бірқатар құқық қорғау органдары қарсылық білдіретін жалғыз кәсіби құқық қорғау институты. Одан бөлек мемлекеттік органдардың көзқарасы ортақ векторды ұстайтыны да белгілі. Осыған байланысты адвокатураның пікіріне ведомстволық мүдделерді қорғайтын мемлекеттік органдардың ұқсас ұстанымдарының жиынтығы қарсы тұратын жағдайлар аз емес. Нәтижесінде адвокатураның пікірі ескерілмейді. Бұл жерде мемлекеттік

органдар адвокаттың ерекше мәртебеге, құқықтар мен кепілдіктерге ие екенін, сонымен қатар қоғамдық-құқықтық функцияны орындайтын құқық саласының арнайы субъектісі екенін назарға алмайды. Адвокаттарға қосымша құқықтар мен кепілдіктер беру туралы адвокатура мәселе көтеретін болса, ондай ұсыныстарды мемлекеттік органдар көбінесе қабылдамай, олар адвокаттың ерекше мәртебесін ескермей оны қарапайым азаматтармен теңестіреді.

Мемлекет кепілдік берген заң көмегі жүйесінің кемшілігі, мамандыққа кіру мен шығуды мемлекет тарапынан шамадан тыс бақылау, адвокаттарға деген әділетсіз көзқарас және сол сияқты өзге де маңызды проблемалар жетерлік, оларды шешуді кейінге қалдыруға болмайды.

Қалыптасып отырған жағдайға себептің бірі, ол адвокатураны дамыту жөніндегі бірыңғай мемлекеттік саясаттың болмауы.

2018 жылғы 5 шілдедегі № 176-VI ҚРЗ «Адвокаттық қызмет және заң көмегі туралы» Қазақстан Республикасының Заңының 21 бабына сәйкес заң көмегін көрсету саласындағы мемлекеттік саясаттың негізгі бағыттарын Қазақстан Республикасының Президенті айқындайды. Алайда мемлекет тиісті құжатты әлі қабылдаған жоқ. Қазақстан Республикасының құқықтық саясатын дамытудың 2030 жылға дейінгі тұжырымдамасы өз кезегінде адвокатураны дамыту бойынша қандай да бір ұсыныстарды қамтымайды.

Соның салдарынан, қазіргі уақытта адвокатураға және оның даму болашағына қатысты мемлекеттің нақты көзқарасы жоқ.

Осыған байланысты Республикалық адвокаттар алқасы өзінің бастамасымен «Жаңа Қазақстан – жаңа адвокатура» қазақстандық адвокатураны дамытудың 2022-2025 жылдарға арналған тұжырымдамасын әзірледі. Бұл тұжырымдаманың міндеті адвокаттар қауымдастығын мемлекетпен диалогқа шақыру болып табылады.

Адвокаттар қауымдастығы осындай шақыруды және тұжырымдама негізінде дайындалған заң жобасын мемлекет қабылдайды деп үміттенеді, бұл құқықтық мемлекеттің негізгі институттарының бірін дұрыс дамытуға мүмкіндік береді.

Осы ұлттық баяндама алғаш рет дайындалып отыр. Бұл жерде адвокатураның қазіргі жағдайы, оның өзекті проблемалары және оның алдында тұрған қиындықтары көрсетілген.

Осылайша, адвокаттар мемлекеттік билік пен жұртшылық өкілдеріне адвокаттар жылдар бойы күресіп келе жатқан ең өткір және толғандыратын проблемаларды жеткізуге тырысады.

Адвокатура өзінің дауысының естілетініне және мемлекет адвокаттың құқықтық мәртебесін арттыру үшін пәрменді шаралар қабылдайтынына үміт артады.

Мемлекетіміздің азаматтарының құқықтары, бостандықтары мен мүдделері қорғаушылардың құқықтары мен олардың қызметінің кепілдіктері толық көлемде сақталған жағдайда, сондай-ақ мемлекеттің адвокатура мәселелерін шешуге мүдделілігі болған жағдайда ғана қорғалады.

I БӨЛІМ.

**АДВОКАТУРА ЖАЙ-КҮЙІ ТУРАЛЫ
ЖАЛПЫ АҚПАРАТ**

I БӨЛІМ.

АДВОКАТУРА ЖАЙ-КҮЙІ ТУРАЛЫ ЖАЛПЫ АҚПАРАТ

1. АДВОКАТТАРДЫҢ САНЫ


2022 жылдың соңына сай жағдай бойынша Қазақстан Республикасындағы адвокаттардың жалпы саны 5 915 адвокатты құрады.

Өткен жылы адвокаттар саны 360 қорғаушыға өсті.

Жалпы, адвокаттар санының жыл сайын арту үрдісі байқалады:




ЖЫЛДАР БОЙЫНША АДВОКАТТАР САНЫ



Халық санының жыл сайынғы өсуін ескере отырып, адвокаттар саны осы көрсеткішке пропорционалды түрде өсуде деп болжауға болады:



ҚР ХАЛЫҚ САНЫ МЕН АДВОКАТТАРДЫҢ ЖАЛПЫ САНЫНЫҢ АРАҚАТЫНАСЫ



Алайда, егер 2012 жылы бір адвокатқа 3,9 мың адам келсе, 2022 жылы бұл көрсеткіш 3,3 мың адамға тең.


Осылайша, жалпы алғанда, адвокаттар санының өсу қарқыны халықтың жалпы өсу қарқынынан жоғары.

Бұл азаматтардың құқықтарын қорғау үшін білікті заң көмегін көрсету қажеттілігі бар екенін және осыған байланысты адвокат мамандығы сұранысқа ие екенін көрсетеді.

Адвокаттардың жартысынан көбі қызметті жеке-дара жүзеге асырады:




АДВОКАТТЫҚ ҚЫЗМЕТТІ ҰЙЫМДАСТЫРУ НЫСАНДАРЫ



Адвокаттардың көпшілігі ер адамдар:




АДВОКАТУРАДАҒЫ ЕРЛЕР МЕН ӘЙЕЛДЕРДІҢ САНЫ



Адвокаттарды жас ерекшеліктеріне қарай бөлу келесіні көрсетеді:




ЖАС ЕРЕКШЕЛІГІ БОЙЫНША БӨЛУ



Адвокаттардың жартысынан көбі 5 жылдан 20 жылға дейін тәжірибесі бар кәсіби маман:




АДВОКАТТЫҚ ҚЫЗМЕТ ӨТІЛІ БОЙЫНША БӨЛУ



Адвокаттардың басым көпшілігі қалаларда заң көмегін көрсетуге қатысады:




АУМАҚТЫҚ БЕЛГІСІ БОЙЫНША БӨЛУ



Аймақтар бойынша адвокаттар саны келесідей:



АЙМАҚТЫҚ АДВОКАТТАР АЛҚАЛАРЫ



Мемлекет кепілдік берген заң көмегі жүйесінде (МКБЗК) 2278 адвокат қатысады, бұл жалпы санның 39% құрайды¹.


¹МКБЗК жүйесі туралы толығырақ осы баяндаманың «Көрсетілетін заң көмегінің сапасы» бөлімінде көрсетілген.

2. КӨРСЕТІЛГЕН ЗАҢ КӨМЕГІ БОЙЫНША СТАТИСТИКА

2022 жылы адвокаттар заң көмегін көрсеткен жеке тұлғалардың жалпы саны 347 901 адамды құрайды.

Оның ішінде 241 806 ер адам, 90 175 әйел, 9 617 кәмелетке толмаған, 6 303 шетелдік және азаматтығы жоқ адамдар.

АДВОКАТТАР ЗАҢ КӨМЕГІН КӨРСЕТКЕН ЖЕКЕ ТҰЛҒАЛАР



Көрсетілген көмек түрлері бойынша (мемлекет кепілдік берген заң көмегін қоспағанда) келесі жағдай байқалады:

КӨРСЕТІЛГЕН ЗАҢ КӨМЕГІНІҢ ТҮРЛЕРІ



Сотқа дейінгі процесті қоса алғанда, құқықтары қылмыстық процеске қорғалуы тиіс азаматтарға көрсетілетін адвокаттардың заң көмегі аса сұранысқа ие.

II БӨЛІМ.

АДВОКАТТАРДЫҢ КӘСІБИ ҚҰҚЫҚТАРЫН ЖӘНЕ АДВОКАТТЫҚ ҚЫЗМЕТ КЕПІЛДІКТЕРІН САҚТАУ МӘСЕЛЕЛЕРІ

II БӨЛІМ.

АДВОКАТТАРДЫҢ КӘСІБИ ҚҰҚЫҚТАРЫН ЖӘНЕ АДВОКАТТЫҚ ҚЫЗМЕТ КЕПІЛДІКТЕРІН САҚТАУ МӘСЕЛЕЛЕРІ

Қылмыстық істер бойынша кәсіби қорғауды тек адвокаттар жүзеге асырады. Бұл ретте олар көрсететін заң көмегінің сапасы адвокаттың қандай құқықтарға ие болуына, оның өз қызметіне заңсыз араласудан қаншалықты қорғалғанына, оның қандай кепілдіктері бар екеніне, адвокаттық қызметке кедергі келтіргені үшін жазаның бұлтартпаушылық қағидаты қамтамасыз етілгеніне тікелей байланысты.

Құқықтар мен кепілдіктер көбінесе «Адвокаттық қызмет және заң көмегі туралы» ҚР Заңымен (бұдан әрі – Адвокаттық қызмет туралы заң), қылмыстық-процестік және азаматтық процестік кодекстерімен белгіленген.

Алайда, осындай нормалардың бір бөлігі декларативті болып табылса, едәуір бөлігі мүлдем жұмыс істемейді, сонымен бірге адвокаттардың құқықтары мен қорғаушылардың кепілдіктерін заңнамалық түрде кеңейту қажеттілігі бар екені анық болып табылады.

Жоғарыда келтірілген себептерді ескерсек, іс жүзінде бұзушыларды жауапкершілікке тарту мүмкін емес.

Адамның және азаматтың құқықтарын, бостандықтарын мен заңды мүдделерін қорғау, сондай-ақ жеке және заңды тұлғаларға заң көмегін көрсету жөніндегі адвокаттардың заңды қызметіне кедергі келтіргені үшін қылмыстық жауаптылық көзделген (ҚР Қылмыстық кодексінің 435-бабы).

Алайда, шағымдар, соның ішінде құқық қорғау органдары қызметкерлерінің әрекеттеріне шағымдар үнемі тиісті органдарға жіберілетініне қарамастан, қолда бар деректерді талдау нәтижесінде 30 жыл ішінде адвокаттық қызметке кедергі келтіргені үшін қылмыстық жауапкершілікке тартудың бірде-бір жағдайы болмағаны белгілі болды.

Осылайша, адвокаттардың қызметіне кедергі келтіргені үшін қолданылатын елеулі жазаның жоқтығын байқауға болады.

Төменде ең өрескел бұзушылықтардың мысалдары келтірілген.

1. АДВОКАТТАРДЫ ӨЗІНІҢ ҚОРҒАУЫНДАҒЫ АДАМДАРҒА ҚАТЫСТЫ ТЕРГЕУ ӘРЕКЕТТЕРІНЕ ЖІБЕРМЕУ

Келтірілген мысалдарда келесі нормалардың бұзылуы бар:



Конституцияның 13 бабының 3 тармағы:

- әркімнің білікті заң көмегін алуға құқығы бар. Заңда көзделген реттерде заң көмегі тегін көрсетіледі.

Конституцияның 16 бабының 3 тармағы:

- ұсталған, тұтқындалған, қылмыс жасады деп айып тағылған әрбір адам сол ұсталған, тұтқындалған немесе айып тағылған кезден бастап адвокаттың (қорғаушының) көмегін пайдалануға құқылы.

Қылмыстық-процестік кодексінің 70 бабының 2 тармағының 3-тармақшасы:

- қорғаушы күдіктіден, айыпталушыдан жауап алуға, сондай-ақ олардың қатысуымен өзге де тергеу әрекеттеріне және процестік әрекеттерге, оның ішінде қарап-тексеруге, тінтуге қатысуға құқылы.

Адвокаттық қызмет туралы Заңның 35 бабының 7 тармағы:

- қылмыстық қудалау органдары, олардың лауазымды адамдары процестік заңда көзделген жағдайларда, адвокатты оның тергеу және өзге де процестік әрекеттерге адвокатпен келісілген мерзімде қатысуы қажет екені туралы хабардар етуге міндетті.

Адвокаттық қызмет туралы Заңның 35 бабының 6 тармағы:

- адвокаттық қызметті жүзеге асыру кезінде адвокаттың қауіпсіздігін қамтамасыз ету құқығына заңда белгіленген тәртіппен кепілдік беріледі.

1. Қорғауындағы адамның тұрғылықты жерін тінту үшін кедергілер (1-ші мысал):

2022 жылғы наурызда Алматы қалалық алқасының мүшесі болып табылатын адвокат У. Республикалық адвокаттар алқасына адвокат ретінде өзінің қорғауындағы адамның тұрғылықты жеріне тінту жүргізуге қатысуына дене күшін қолдана отырып жол бермеу жөнінде Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі (бұдан әрі-СЖҚІА) қызметкерлерінің іс-әрекеттеріне шағымданды. СЖҚІА қызметкерлерінің аталған әрекеттері бейнебақылау камераларымен тіркелген. Адвокат өзінің адвокаттық куәлігін және қорғау туралы хабарламаны ұсынғанын, ал оның атына жағымсыз сөздер айтылғанын атап көрсетті.

Республикалық адвокаттар алқасы барлық мән-жайларды зерделеп, СЖҚІА қызметкерлері тарапынан бұзушылықтар орын алды деген пікірге келеді. Осыған байланысты Бас прокуратураға өтініш жолданды.

Бұған жауап ретінде Бас прокуратура адвокаттың дәлелдері өз растауын таппағандықтан, ал қызметтік тексеру қорытындысы бойынша Сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызмет департаменті қызметкерлерінің заңсыз әрекеттері анықталмағандықтан, **прокуратура органдары тарапынан ден қою шараларын қабылдауға негіз жоқ** деп хабарлады.

2. Қорғауындағы адамның тұрғылықты жерін тінту үшін кедергілер (2-ші мысал):

Адвокаттар В. және Ж. кәсіби құқықтарының бұзылуына байланысты Республикалық адвокаттар алқасына жүгінді.

Адвокат В. Алматы қаласы Экономикалық тергеу департаментінің қызметкерлерімен тінту жүргізу кезінде К. азаматшаға заң көмегін көрсету туралы тапсырма қабылдады. Тінту К. балаларымен және сол күні ұсталған жұбайымен бірге тұратын пәтерде жүргізілді.

Адвокаттардан түскен ақпаратқа сәйкес, азаматша К. департамент қызметкерлеріне тінту оның адвокатының қатысуымен жүргізілуін қалайтыны туралы хабардар етті. Соған қарамастан, департамент қызметкері адвокат В.-ны тінту аяқталғанға дейін төрт сағат бойы пәтерге кіргізбеді.

Адвокат В. учаскелік инспекторды шақырып, бірақ ол келген кезде де пәтер есігі ашылмады.

Бұл бұзушылық туралы адвокат В. Алматы қаласының кезекші прокурорына және қадағалаушы прокурорға хабарлады, алайда ол жерден адвокаттың кәсіби қызметіне көмек көрсете алмайтындығы жөнінде кезекші прокурордың жауабын алды.

Тінту хаттамасының көшірмесін адвокат ала алмады.

Адвокат В. және азаматшаның жұбайының қорғаушысы болып табылатын адвокат Ж. Алматы қаласы Наурызбай ауданының полиция басқармасына Қылмыстық кодекстің тиісті бабы бойынша олардың заңды қызметіне кедергі келтірудің осы фактісін СДТБТ-да тіркеу туралы өтінішпен жүгінді.

Қазіргі уақытта өтініш **номенклатуралық іске есептен шығарылды.**

Республикалық адвокаттар алқасы Бас прокуратураға, Ішкі істер министрлігіне, Қаржылық мониторинг агенттігіне, Экономикалық тергеу департаментіне және полиция департаментіне жүгінді. Хатта

прокурорлық ден қою шараларын қабылдау қажеттілігі туралы айтылды, сондай-ақ бұзушылықтарға жол берген қызметкерлерді жауапқа тарту туралы өтініш білдірілді.

Экономикалық тергеу департаментінің жауабына сәйкес ұсталған азаматтың жұбайы – азаматша К. – тергеушіге оның құқықтары мен мүдделерін қорғау мақсатында адвокаттар шақырылғанын мәлімдемеген. Тінту аяқталғаннан кейін азаматша К.-ден жүргізілген тергеу әрекеті бойынша шағымдар мен ескертулер түскен жоқ. Сондай-ақ, адвокат В. адвокат куәлігін және азамат К.-ны қорғау туралы хабарлама тінту жүргізілгеннен кейін бергені көрсетілген.

Жалпы, Экономикалық тергеу департаменті заңдарды бұзуға және адвокаттардың заңды қызметіне кедергі жасауға жол берілмеді деп санайды.

Бас прокуратураның жауабына сәйкес қадағалаушы прокурор **қылмыстық-процестік заңнама талаптарын**, оның ішінде тұрғылықты жері бойынша тінту жүргізу кезінде қорғау құқығын **бұзушылықтарды анықтаған жоқ.**

Қылмыстық-процестік кодексі қорғаушының күдіктіге, айыпталушыға қатысты тергеу әрекеттеріне қатысуға құқылы екенін белгілейді. Азаматша К. тек күдіктінің жұбайы бола отырып, аталған санаттағы адамдарға жатпайды.

Алайда Конституцияда оның білікті заң көмегін алу құқығы бекітілген. Конституцияның 39-бабы заңдармен шектелмейтін құқықтардың тізімін белгілейді. Мұндай құқықтардың қатарына білікті заң көмегін алу құқығы жатады – **бұл құқық абсолютті болып табылады және ешқандай жағдайда шектелмейді.**

3. Адвокатты сотқа қатысудан шеттету

Ұсталған азамат П.-ны қорғаған адвокат К. Бас прокуратураның жедел-тергеу тобының және тергеу сотының әрекеттері нәтижесінде ол сотта қорғауындағы адамның бұлтартпау шарасын таңдау кезінде қорғаудан заңсыз шеттетілгенін хабарлады.

12 қаңтарда адвокат К.-ның қатысуымен оның қорғауындағы адамнан жауап алынды. Танысу үшін адвокатқа ұстап алу хаттамасы берілді. Сонымен қатар, адвокат К. жедел-тергеу тобына өзінің телефон нөмірін көрсете отырып, қорғауды жүргізу туралы тапсырманы қабылдау туралы хабарлама берді.

Сол күні адвокат жедел-тергеу тобы басшысына азамат П. бойынша қылмыс құрамының жоқтығы үшін қылмыстық қудалауды тоқтату туралы

өтінішхат жолдады, ол eGov.kz жүйесіне сәйкес келесі күні 13 қаңтарда орындауға берілді.

Осылайша, жедел-тергеу тобы басшысы 2022 жылғы 14 қаңтарда сот отырысы басталғанға дейін адвокат К. осы қылмыстық іс бойынша азамат П. қорғаушысы болғанын білді.

Алайда, сот бұлтартпау шарасына санкция беру туралы өтінішхатты қараған кезде басқа адвокат тағайындалды. Адвокат К. осы сот отырысының уақыты мен орны туралы хабардар етілмеді.

Адвокат К. қалалық сотқа жеке шағыммен жүгінді, сонымен қатар қала прокурорына шағым жолдады.

Алматы қалалық сотының сот алқасының қаулысымен жеке шағымды қанағаттандырудан бас тартылды.

Алматы қаласы прокуроры орынбасарының қаулысына сәйкес, сотта бұлтартпау шарасын санкциялауды қарау кезінде, сондай-ақ жедел-тергеу тобы басшысына қатысты прокурорлық тексеру жүргізу және жауапқа тарту жөнінде шаралар қабылдау кезінде заңды бұзу фактісі бойынша прокурорлық ден қою шараларын қолдануға негіз жоқ делінген.

Адвокат К. прокурор орынбасарының қаулысына шағымданды, алайда Алматы қаласы прокурорының қаулысымен шағымды қанағаттандырудан бас тартылды.

4. Адвокатты ұрып-соғу фактісі

Адвокат қылмыстық құқық бұзушылық жасады деген күдікпен ұсталды.

Сот отырысында оған қатысты күзетпен ұстау түріндегі бұлтартпау шарасын таңдау кезінде адвокат оны Қызылорда қаласы полиция департаментінің қызметкерлері ұрып-соққанын мәлімдеді

Қорғаушының айтуынша, полицейлер оның адвокат екенін білген, бұл ұрып-соғуға себеп болған, өйткені ол бұрын өз қызметін жүзеге асыру барысында азаматтардың құқықтарын қорғай отырып, полиция қызметкерлерінің әрекеттеріне көптеген шағымдар жазған.

Республикалық адвокаттар алқасы осы істе жергілікті құқық қорғау органдарының әрекетсіздігіне байланысты прокурорлық қадағалау қажеттілігі туралы Бас прокурордың атына жүгінді. Нәтижесінде азаптау фактісі бойынша қылмыстық іс СДТБТ-да тіркелді. Алайда, кейіннен адвокат процестік келісімге келді.

5. Рентгенографиялық сканер арқылы адвокаттарды тексеру

Шығыс Қазақстан облысының адвокаттары Өскемен қаласындағы ҚР ІІМ ҚАЖК №73 мекемесінде қорғауындағы адамдарға барған кезде рентгенографиялық сканер арқылы тексеруден өтуге мәжбүр.

Мұндай сканер адамды әр өткен сайын сәулеленуге әкеледі. Бұны жүкті әйелдер мен балалардың мұндай тексеруден босатылуы растайды. Осыған байланысты адвокаттар рентген қондырғысынан өтуден бас тартып отыр, өйткені олар өз кәсіби қызметіне байланысты түзеу мекемелеріне үнемі барады.

Алайда, бас тартқан жағдайда, мекеме әкімшілігі адвокаттарды өзінің қорғауындағы адамдарға жібермейді, осылайша олардың заң көмегін, оның ішінде мемлекет кепілдік берген заң көмегін алуға қатысты конституциялық құқықтарын бұзып отыр.

Бұл ретте қорғаушылар жалпы тексеруден өтуден бас тартпайды, олар мұны баламалы тәсілдермен, соның ішінде металл детекторларды қолдана отырып жасауға дайын. Дегенмен, мекеме әкімшілігі рентгенографияны қолдануды талап етеді, адвокаттарды денсаулығына үнемі қауіп төндіруге мәжбүр етеді.

Осылайша, **адвокаттың кәсіби қызметті жүзеге асыру кезінде қауіпсіздікті қамтамасыз ету құқығы бұзылады.**

Аймақтық адвокаттар алқасы бұл мәселе бойынша №73 мекемеге жүгінді. Жауап ретінде мекеме қызметкерлерінің ұстанымын растайтын хат алынды – адвокаттар рентгенографиялық сканерден өтуге міндетті.

Адвокаттардың айтуынша, дәл осындай фактілер елдің басқа аймақтарында да бар.

2. АДВОКАТТАРДЫҢ ӨЗИНІҢ ҚОРҒАУЫНДАҒЫ АДАМДАРМЕН КЕЗДЕСУІНЕ КЕДЕРГІЛЕР

Келтірілген мысалдарда келесі нормалардың бұзылуы бар:



Қылмыстық-процестік кодексінің 64 бабының 9 тармағының 5) тармақшасы:

- күдікті таңдаған немесе тағайындалған қорғаушысымен, оның ішінде жауап алу басталғанға дейін оңаша және құпия кездесуге құқылы.

Адвокаттық қызмет туралы Заңның 33 бабы 3 тармағының 5 тармақшасы:

- адвокат іске қатысуға жіберілген кезден бастап жолығулардың санын, ұзақтығын шектемей және мұндай жолығулардың құпиялығын



қамтамасыз ететін жағдайларда өзі қорғайтын адаммен оңаша жолығып тұруға ие болуға құқылы.

Адвокаттық қызмет туралы Заңның 35 бабының 4 тармағы:

- мемлекеттік органдар, лауазымды адамдар адвокатқа өзі қорғайтын адаммен оңаша жолығудың құпиялылығын қамтамасыз ететін жағдайларда, осындай жолығулар беруден бас тартуға, сондай-ақ олардың саны мен ұзақтығын шектеуге құқылы емес.

1. Құпиялылықты сақтай отырып қорғауындағы адаммен кездесуді ұсынбау

Адвокат П. өзінің кәсіби қызметіне кедергі жасау фактісіне байланысты Республикалық адвокаттар алқасына жүгінді. Адвокат өз мәлімдемесінде қылмыстық іске қатысуға тапсырма қабылдағаннан кейін ол өзінің қорғауындағы К.-ны ұстап алу орнына келгенін атап өтті. Алайда Алматы қаласы Экономикалық тергеу департаментінің қызметкерлері оның қылмыстық қудалау органынан жасырынып қалуы мүмкін екенін айтып, адвокатқа өз клиентімен құпия сөйлесуге жол беруден бас тартты. Адвокатқа қорғауындағы адам кісенмен бекітілген жедел қызметкердің қатысуымен сөйлесу ұсынылды. Құпиялылықтың жоқтығынан адвокат одан бас тартты.

Клиентті Экономикалық тергеу департаментінің ғимаратына, содан кейін Алматы қаласы полиция департаментінің уақытша ұстау изоляторына апарғаннан кейін де адвокат П. ұсталған адаммен сөйлесуге мүмкіндік алған жоқ. Құпия сөйлесу келесі күні ғана өтті.

Республикалық адвокаттар алқасы бірқатар мемлекеттік органдарға, оның ішінде Алматы қаласының Бас прокуратурасы мен Экономикалық тергеу департаментіне құқық қорғау органдарының қызметкерлеріне қатысты шаралар қабылдау туралы өтінішпен жүгінді.

Бас прокуратураның жауабына сәйкес қадағалаушы прокурор **қылмыстық-процестік заңнаманың талаптарын**, оның ішінде К.-ны ұстап алу кезінде қорғау құқығын бұзушылықтарды анықтаған жоқ. Қаржылық мониторинг агенттігінің қызметкерлеріне қатысты қызметтік тексеру жүргізілуде.

Өз кезегінде, Алматы қаласының Экономикалық тергеу департаменті **заңнаманы бұзу және адвокаттардың заңды қызметіне кедергі жасау жоқ** деген пікірді ұстанады.

2. Қорғауындағы адамға жібермеу

2022 жылдың шілдесінде К., Е. және С. адвокаттары ұстап алынған И. құқықтарын қорғауға кіргеннен кейін оны ұстап алу орнына Шымкент қаласының полиция департаментіне келді. Алайда, полиция департаментінің өз қауіпсіздігі басқармасының қызметкерлері адвокаттарды қорғауындағы адамға жібермеді, бұл смартфонның видеосына жазылған.

Адвокаттардан алынған мәліметтерге сәйкес, полиция департаменті өз қауіпсіздігі басқармасының басшысы уақытша ұстау изоляторына келіп, ұстап алынған И.-ды оған шығаруға нұсқау берген және ол орындалған. Бұл жерде полиция департаменті өз қауіпсіздігі басқармасының басшысының ұсталған адаммен сөйлесуі қорғаушының қатысуынсыз жүргізілген – бұл уақытта адвокат С. полиция департаменті аумағына кіре алмаған.

Адвокаттарды кіргізбеуге байланысты Қылмыстық кодекстің 435-бабы бойынша қылмыстық іс қозғалды, алайда кейіннен Сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызмет оны тоқтатты.

Адвокаттар шағымды Шымкент қаласының прокуратурасына жіберуге ниетті, өйткені бірқатар тергеу әрекеттері жүргізілмеген.

3. Құқық қорғау органының адвокатты қорғауындағы адамға жіберуге жазбаша тыйым салуы

Адвокат А. тергеу изоляторында өзінің қорғауындағы адамға барған кезде оны Алматы қаласы бойынша Экономикалық тергеу департаментінің тергеу изоляторына Департаменттің келісімінсіз оған адвокаттарды жібермеу туралы қызметтік пайдалануға арналған құжат ретінде жіберілген хат негізінде клиентке жібермегенін хабарлады.

Адвокат бұл туралы білгеннен кейін полицияға адвокаттың заңды қызметіне кедергі келтіретін фактіні СДТБТ-да тіркеу туралы өтінішпен жүгінуге шақырды. Полиция келгеннен кейін адвокат А. қорғауындағы адаммен кездесуге және тергеу изоляторының басшылығына көтерілуге шақырылды, ол жерде түсініспеушіліктер үшін кешірім сұралды. Адвокат тергеу органының хаттары тергеу изоляторына заңды күші жоқ екенін оның басшылығы мойындағанын айтады.

4. Адвокаттармен кездесу бөлмелерінде бейнекамералардың болуы

Тергеу изоляторларында қорғауындағы адамдармен құпия кездесулерді тіркейтін бейнекамералар орнатылған.

Адвокат А. Бас прокуратураға №72 мекемеде орнатылған бейнекамераларға қатысты шағым жолдады, алайда ол Алматы қаласының ҚАЖД-не, яғни іс-әрекеттеріне шағым берілген органға қайта жолданды.

ҚАЖД жауабына сәйкес камераларды бөлшектеу мүмкін емес, өйткені 2020 жылы ҚАЖ комитетінен тергеу кабинеттерінде бейнекамераларды орнатуды жалғастыру туралы нұсқау келіп түсті. Бұл ретте бұл ұстанымды Бас прокуратура қолдады.

Адвокат А. одан әрі шағымдану мақсатында бейнекамераларды орнатуға негіздеме беру үшін Бас прокуратураға сауал жолдады.

Республикалық адвокаттар алқасы бұл мәселені бірнеше рет, оның ішінде Республикалық адвокаттар алқасы мен ҚАЖ Комитеті арасындағы ынтымақтастық туралы Меморандумға өзгерістер мен толықтыруларды талқылау шеңберінде көтерді. Алайда, осы уақытқа дейін бейнекамераларды бөлшектеу қажеттілігін бекітетін нормалар аталған меморандумға енгізілмеді.

Сондай-ақ, қолданыстағы меморандумның нормалары ҚАЖ мекемелері тарапынан толық көлемде сақталмайтынын атап өткен жөн. Осылайша, адвокаттарға сенбі күні сағат 12:00-ге дейін өз қорғауындағы адаммен жұмыс істеу үшін тергеу изоляторына кіруге рұқсат барлық аймақтарда беріліп отырған жоқ.

3. АДВОКАТТАРҒА ТАНЫСУ ҮШІН ІС МАТЕРИАЛДАРЫН БЕРМЕУ

Келтірілген мысалдарда келесі норманың бұзылуы бар:



Адвокаттық қызмет туралы Заңның 33 бабы 3 тармағының 4) тармақшасы:

- адвокат процестік құжаттарды, тергеу және сот істерін қоса алғанда, көмек сұрап өтініш жасаған тұлғаға қатысты материалдармен танысуға және оларда қамтылған ақпаратты Қазақстан Республикасының заңдарында тыйым салынбаған кез келген тәсілмен тіркеп алуға құқылы.

Азаптау бойынша тоқтатылған істердің материалдарын бермеу

Адвокаттар С. және А.-ға азаптау бойынша қылмыстық істердің материалдары танысу үшін берілмеген. Аталған істерді ҚР Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігінің Департаменті тоқтатты.

Адвокаттар өз сұрауларына бірнеше ай бойы істердің қала прокуратурасында, Бас прокуратурада және т.б. зерттеліп жатқаны туралы хаттар алуда.

Адвокаттарға танысу үшін ақпарат берілмеуіне байланысты Бас прокуратураға, қалалық прокуратураға, сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігіне шағым жасалды.

Бүгінгі таңда адвокат С.-ға көптеген өтініштерден кейін танысу үшін тоқтату туралы 15 істің ішінде 14 қаулы берілді. Олардың ешқайсысы бойынша материалдар берілмеген.

Адвокат А. төрт істің екеуіне ғана қол жеткізді.

4. АДВОКАТТАРҒА МЕМЛЕКЕТТІК ҚҰПИЯЛАРҒА РҰҚСАТ БЕРУ МӘСЕЛЕЛЕРІ

Келтірілген мысалда келесі нормалардың бұзылуы бар:



Конституцияның 13 бабының 3 тармағы:

- Әркімнің білікті заң көмегін алуға құқығы бар. Заңда көзделген реттерде заң көмегі тегін көрсетіледі.

Адвокаттық қызмет туралы Заңның 33 бабы 3 тармағының 8) тармақшасы:

- адвокат егер бұл анықтау сотқа дейінгі тергеп-тексеру жүргізу кезінде, сотта қорғауды немесе өкілдік етуді жүзеге асыру үшін қажет болса, мемлекеттік құпияларды құрайтын, сондай-ақ әскери, коммерциялық, қызметтік және заңмен қорғалатын өзге де құпияны қамтитын ақпаратпен Қазақстан Республикасының заңдарында көзделген тәртіппен танысуға құқылы.

Адвокаттық қызмет туралы Заңның 45 бабының 3 тармағы:

- көмек сұрап өтініш жасаған тұлға, егер қорғалушы өзіне адвокат таңдамаса немесе таңдай алмаса, адвокаттың қатысуы міндетті қылмыстық істер бойынша адвокат қорғаушы ретінде тағайындалған жағдайларды қоспағанда, адвокат таңдауда еркін болады.

Мемлекеттік құпияларға рұқсат беруден бас тарту

Адвокаттан алынған мәліметтерге сәйкес, адвокат М. клиентпен келісімге келе отырып, оның мүдделерін қорғауға жіберілмеген. Оған сылтау ретінде келісім жасалған кезде мемлекеттік құпияларға рұқсаттың болмауы келтірілген.

Алматы қаласының Әділет департаментіне рұқсат алуға жүгінгеннен кейін бір жарым ай өткен соң, анық емес мәліметтер берілді деген болжаммен бас тарту алынды. Бас тартуға қорғауындағы адамның өтініші бойынша шағым жасалмады.

Осылайша, белгіленген тәртіпке сәйкес уәкілетті органның адвокатқа ойдан шығарылған себеппен рұқсат беруден бас тарту мүмкіндігі кездеседі.

Рұқсатты ресімдеудің ұзақ мерзіміне байланысты адвокаттардың қорғауындағы адамдар көбінесе таңдалған адвокаттардың көмегінен бас тартуға және осындай рұқсаты бар қорғаушымен шарт жасасуға немесе тағайындау бойынша адвокат ұсынуға келісім беруге мәжбүр болады.

Осылайша, қылмыстық жауапкершілікке тартылған азамат сотқа дейінгі тергеудің маңызды кезеңдерінде (ұстап алу, жауап алу, бұлтартпау шараларын санкциялау және т.б.) **қорғаушыны еркін таңдау құқығынан айырылады немесе айтарлықтай шектеледі**, бұл кейіннен істің нәтижесіне теріс әсер етуі мүмкін.

Сондай-ақ мыналарға назар аудару керек. Қолданыстағы тәртіп адвокаттың мемлекеттік құпияларға рұқсат алу қажеттілігін көздейді, бұл ретте **мұндай рұқсат тек бір нақты іс шеңберінде ғана қолданылады**. Ал қылмыстық процестің кейбір өзге субъектілерінде әрбір іске рұқсат алу қажеттілігі жоқ, өйткені олар өздерінің лауазымдық өкілеттіктеріне байланысты Мемлекеттік құпияларды құрайтын мәліметтерге қол жеткізе алады.

5. АДВОКАТТАРҒА ҚАТЫСТЫ ЖАСЫРЫН ТЕРГЕУ ӘРЕКЕТТЕРІН ЖҮРГІЗУ

Келтірілген мысалдарда келесі норманың бұзылуы бар:



Қылмыстық-процестік кодексінің 232 бабының 8 тармағы:

- кәсіби көмекті жүзеге асыратын адвокаттар ауыр немесе аса ауыр қылмыс дайындап жатыр немесе жасады деп пайымдауға негіз болған жағдайларды қоспағанда, оларға қатысты жасырын тергеу әрекеттерін жүргізуге тыйым салынады.

1. Сотқа дәлелдеме ретінде адвокаттың клиентпен сөйлесулерінің құпия жазбаларын ұсыну (1-ші мысал)

Республикалық адвокаттар алқасы төралқасының мүшесінен алынған деректерге сәйкес, сотқа дейінгі тергеу кезеңінде құқық қорғау органдарының қызметкерлері адвокат А.-ның өзінің қорғауындағы

адаммен құпиялық сөйлесулерін жасырын жазды. Бұдан әрі бұл жазбаларды Солтүстік Қазақстан облысы бойынша Сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызмет департаментінің тергеушісі бейнефонографиялық сараптамаға жіберді.

Содан кейін адвокат А. адвокатқа қатысты жасырын тергеу әрекеттерін заңсыз жүзеге асырғаны үшін облыстық прокуратураға шағым түсірді, бірақ шағымды қанағаттандырудан бас тартылды. Кейінірек адвокат А. шағымын **тергеу соты қараусыз қайтарды.**

Нәтижесінде адвокат белгісіз адам ретінде көрсетілген адвокат пен оның қорғауындағы адаммен сөйлесулерінің жазбалары **сотталушының кінәсінің дәлелі ретінде сотқа берілді.**

Алайда, Республикалық адвокаттар алқасы төралқасының мүшесі адвокат А.-ның өзінің қорғауындағы адаммен құпия сөйлесулерінің жазбасын іс бойынша дәлел ретінде тануға жол бермеу туралы өтініш хат берді.

Нәтижесінде адвокаттың қорғауындағы адаммен құпия сөйлесуінің жоғарыда аталған жазбасын сот дәлелдеме ретінде жарамсыз деп таныды және айыптау көлемінен шығарылды.

2. Сотқа дәлелдеме ретінде адвокаттың клиентпен сөйлесулерінің құпия жазбаларын ұсыну (2-ші мысал)

2021 жылғы 17 мамырда үкіммен қатар Атырау қаласының №2 соты адвокат Ж.-ның өтінішхаты бойынша іс бойынша жеке қаулы шығарды. Осы актімен сот қылмыстық қудалау органы тарапынан жіберілген бұзушылықтарға назар аударды. Адвокаттың заң консультациясының өзінің қорғауындағы адаммен сөйлесуін органның тапсырмасы бойынша клиент ретінде адвокаттың кеңсесіне келген күдікті Б. арқылы жасырын жазба жүргізген. Қылмыстық қудалау органы бұл жазбаларды іс бойынша дәлел ретінде пайдаланып, осылайша адвокаттың құпиясын бұзды және адвокаттың заңды қызметіне кедергі келтірді.

Алайда, аталған фактіні даусыз анықтаған сот шешімі болса да, мұндай бұзушылыққа жол берген адамдар **ешқандай жазаға тартылған жоқ.** Сонымен қатар, мұндай тәжірибенің одан әрі дамып отырғанын көруге болады.

3. Адвокатты бақылауды жүзеге асыру

Қылмыстық процесті жүргізетін орган қызметкерлерінің адвокаттарға бақылау жүргізу фактілері бар. Бірнеше қорғаушылар Республикалық

адвокаттар алқасына тиісті өтініштермен жүгінді. Бұл ақпарат кінәлі тұлғаларға қатысты шаралар қабылдау үшін тиісті құқық қорғау органдарына жіберілді.

6. АДВОКАТТЫҚ СҰРАУ САЛУЛАРҒА БАЙЛАНЫСТЫ БҰЗУШЫЛЫҚТАР



Адвокаттық қызмет туралы Заңның 33 бабы 3 тармағының 2 тармақшасы:

- Адвокат барлық мемлекеттік органдардан, жергілікті өзін-өзі басқару органдары мен заңды тұлғалардан адвокаттық қызметті жүзеге асыруға қажетті мәліметтерді сұратуға және алуға құқылы.

Адвокаттық қызмет туралы Заңның 35 бабының 8 тармағы:

- Мемлекеттік органдар, жергілікті өзін-өзі басқару органдары және заңды тұлғалар адвокаттың заң көмегін көрсетуіне байланысты сұрау салуына он жұмыс күні ішінде жазбаша жауап беруге міндетті. Егер ақпарат қолжетімділігі шектеулі ақпаратқа жатқызылған жағдайда, адвокатқа сұратылып отырған мәліметтерді беруден бас тартылуы мүмкін.

Адвокаттық сұрау салу қорғаушылар жұмысының негізгі құралдарының бірі. Оған жалпы тәртіп бойынша жауап 10 күн ішінде берілуі керек.

Бұл ретте көбінесе адвокаттың сұрау салуы бойынша ақпарат белгіленген мерзімде берілмейді немесе мүлде берілмейді.

2022 жылы адвокаттар барлығы 93 506 адвокаттық өтініш жіберді.

Оның 95% қанағаттандырылды.

Ақпарат беруден бас тартудың 17% бойынша шағым жасалды.

ҚР Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексте адвокаттың жазбаша сұрау салу бойынша қажетті құжаттарды, олардың кәсіби міндеттерін жүзеге асыру үшін талап етілетін материалдарды немесе мәліметтерді ұсынбаудан не ұсынудан бас тартудан көрінген кедергі келтіру үшін әкімшілік жауапқа тарту туралы норма бар (668 бап).

Сот практикасына сүйенсек, бұл баптың адвокаттың заңды қызметіне кедергі келтіргені үшін ҚР Қылмыстық кодексінің жоғарыда аталған бабынан айырмашылығы, ол жұмыс істейді.

Соған қарамастан, көбінесе адвокаттық сұрау салуға жауап беру үшін заңмен белгіленген мерзім шектен тыс болады.

«Жылжымайтын мүлікке құқықтарды мемлекеттік тіркеу туралы» Заңның 17 бабының 4-тармағына сәйкес құқықтық кадастрдың тіркеу ісіндегі құжаттардың көшірмелерін тіркеуші орган ақпарат алуға сұрау салу берілген күннен бастап үш жұмыс күнінен кешіктірмей беруге тиіс. Іс жүзінде әкімшілік органдар үшін мұндай мерзім жауап беру үшін проблема туғызбайды. Ақпараттық технологиялардың дамуына байланысты барлық мемлекеттік органдар мен мемлекеттік заңды тұлғалар үшін адвокаттық сұрау салуға жауап беру мерзімін үш күнге дейін қысқарту орынды болып көрінеді.

Бұдан әрі, «Әкімшілік құқық бұзушылық туралы» ҚР Кодексінің 826-1-бабына сәйкес әкімшілік құқық бұзушылық туралы іс бойынша қаулыға шағымдану мерзімі 10 тәулікті құрайды. Осылайша, адвокат әкімшілік жауапкершілікке тарту туралы қаулы шығарылғаннан кейін іске кіріскен жағдайда, адвокат адвокаттық сұрау салу сияқты құралды пайдалану мүмкіндігінен айырылады.

Бұдан басқа, ҚР Қылмыстық-процестік кодексінің 131 бабының 4 бөлігіне сәйкес жетпіс екі сағаттан аспайтын мерзімге ұстап алуға жол берілетін жағдайларды қоспағанда, адам қылмыс жасады деген күдік бойынша – қырық сегіз сағаттан аспайтын мерзімге, ал кәмелетке толмаған адам жиырма төрт сағаттан аспайтын мерзімге ұстап алынуы мүмкін.

Егер адамды ұстау және (немесе) прокурормен келісу және (немесе) бұлтартпау шарасын сайлау туралы қылмыстық іс материалдарын сотта қарау кезінде заң көмегін көрсету шеңберінде адвокаттық сұрау салуға жауап үш тәулік ішінде дайындалатын болса, ал ұстап алу неғұрлым қысқа мерзімге жүзеге асырылатын болса, онда адвокаттық сұрау салуға жауаптың мәні үш тәуліктен кейін жоғалады. Адвокат сотқа да, прокурорға да, сотқа дейінгі тергеу органына да жауап бере алмайды.

Осыған байланысты көрсетілген жағдайларда адвокаттық сұрау салуды қарау мерзімін 24 сағатқа дейін қысқарту қажет. Бұл жағдайда адвокат оны тиісті органдарға ұсына алады.

Жалпы, заң көмегін көрсетудің жалпы жағдайларында жіберілетін адвокаттық сұрау салуын және сот процесі барысында жіберілетін сұрау салуды саралау қажет.

Жауап беру үшін келесі мерзімдерді белгілеу ұсынылады:

- мемлекеттік органдар мен мемлекеттік заңды тұлғалар үшін – үш күн;
- қылмыстық іс бойынша немесе әкімшілік құқық бұзушылық туралы іс бойынша заң көмегін көрсету кезінде – үш тәулік;
- адамды ұстап алған және (немесе) прокурор келіскен не бұлтартпау шарасын сайлау туралы мәселені қараған жағдайда заң көмегін көрсеткен кезде – жиырма төрт сағат;

- қалған жағдайларда – он жұмыс күні.

Республикалық адвокаттар алқасы заң шығару қызметі бойынша жұмыс топтары шеңберінде осы ұсынысты айтты, алайда талқылау барысында мемлекеттік органдар тарапынан қолдау таппады.

7. АДВОКАТТЫҚ ҚЫЗМЕТ КЕПІЛДІКТЕРІНІҢ ЖЕТКІЛІКСІЗДІГІ

Адвокаттардың құқықтарын бұзудың кейбір жағдайлары заңнамада бекітілген қолданыстағы кепілдіктермен қамтылмайды. Осыған байланысты адвокаттардың кәсіби қызметінің кепілдіктерін кеңейту қажет.

Төменде осындай қажеттілікті растайтын мысал келтірілген.

Ойдан шығарылған себептер бойынша адвокатқа қатысты қылмыстық іс қозғау

Адвокат С. қатысты жалған айғақтар беруді немесе айғақтар беруден жалтаруды, жалған қорытынды беруді не қате аударуды параға сатып алу немесе оларға мәжбүрлеу, сондай-ақ кәмелетке толмаған адамды қылмыстық құқық бұзушылықтар жасауға тарту айыптары бойынша қылмыстық іс қозғалды (Қылмыстық кодекстің 422 және 132 баптары).

Адвокат өзінің кеңсесінде тінту жүргізілгеннен кейін ұсталды және қамауға алынды, онда адвокаттық іс жүргізу материалдары тәркіленді.

Қорғауға 50-ден астам адвокат қатысты. Республикалық алқа түрлі инстанцияларға шағым түсірді. Нәтижесінде жарты жылға созылған адвокат С.-ға қатысты сотқа дейінгі тергеу қылмыстық құқық бұзушылық құрамының болмауына байланысты тоқтатылды.

Республикалық адвокаттар алқасы мынадай қорытындыға келді. Бұған дейін адвокат әр қылмыстық іс бойынша бірнеше рет кәсіби және азаматтық ұстанымды қабылдады, ол **құқық қорғау органдарының кейбір қызметкерлері тарапынан теріс және жағымсыз көзқарасты тудырды.**


8. АДВОКАТТАРДЫҢ РЕСПУБЛИКАЛЫҚ АДВОКАТТАР АЛҚАСЫНА ЖОЛДАҒАН ҚҰҚЫҚТАРЫНЫҢ БҰЗЫЛУЫ ТУРАЛЫ ӨТІНІШТЕРІНІҢ СТАТИСТИКАСЫ

2022 жылы Республикалық адвокаттар алқасы адвокаттардың 29 өтінішін қарады.

Соңғы кезеңде өтініштер санының артуы байқалады – жыл сайын екі есеге жуық.



РЕСПУБЛИКАЛЫҚ АДВОКАТТАР АЛҚАСЫ ҚАРАҒАН ӨТІНІШТЕРДІҢ САНЫ



Өтініштер санының динамикасына сәйкес адвокаттар құқықтарының бұзылуы жыл сайын артып отыр деген қорытынды жасауға болады.


Алайда, әрбір өтініш бойынша адвокаттар құқықтарының бұзылуы расталмайтынын атап өткен жөн. Осылайша, адвокаттардың 29 өтінішінің 15 бойынша құқықтарының бұзылуы анықталды.

Соныменбірге, өтініштердің өсуі олардың кәсіби ұйымға деген сенімдерінің артуын растайды – адвокаттар өздерінің кәсіби қоғамдастыққа қатысы бар екенін және олардың артында құқықтарын қорғайтын ұйымның тұрғанын түсініп отыр.

Ең көп өтініш Алматы қалалық адвокаттар алқасының адвокаттарынан келіп түсті. Кейбір адвокаттар алқасынан өтініштер түскен жоқ.



АЙМАҚТЫҚ БЕЛГІЛЕРІ БОЙЫНША БӨЛУ



Адвокаттардың Республикалық адвокаттар алқасына жолдаған өтініштерінің ішінде дене жарақаты мен қорлау, сондай-ақ негізсіз айып тағу арқылы заңды адвокаттық қызметке кедергі жасау сияқты адвокаттар құқықтарының бұзылуы ең жиі кездеседі.



ҚҰҚЫҚ БҰЗУШЫЛЫҚТАРДЫҢ ЖІКТЕЛУІ



Республикалық адвокаттар алқасы адвокаттың кәсіби міндеттерін атқару кезінде оның жеке қауіпсіздігінің бұзылуына мемлекеттік органдар қызметкерлері тарапынан жол берілмеуі тиіс деп санайды.

III БӨЛІМ.

АДВОКАТУРА ПРОБЛЕМАЛАРЫНА МЕМЛЕКЕТ ТАРАПЫНАН ТИІСТІ НАЗАРДЫҢ БОЛМАУЫ

III БӨЛІМ.

АДВОКАТУРА ПРОБЛЕМАЛАРЫНА МЕМЛЕКЕТ ТАРАПЫНАН ТИІСТІ НАЗАРДЫҢ БОЛМАУЫ

Қоғамның дамуы оның негізгі институттарын реформалау қажеттілігін сөзсіз тудырады.

Қазіргі уақытта сот жүйесінде, құқық қорғау органдары жүйесінде трансформация жүріп жатыр. Алайда адвокатураға қатысты қалыптасып отырған жағдай өзгеше.

Бұл жерде сот жүйесінің, құқық қорғау органдарының реформалары адвокат мәртебесін түбегейлі өзгертусіз және адвокаттық қызмет құқықтары мен кепілдіктерін кеңейтусіз толық және тиімді болмайтыны анық.

Мемлекет басшысы қорғаушылар рөлінің маңыздылығын бірнеше рет атап өтті, алайда іс жүзінде Президенттің нұсқаулары жүзеге асырылмай отыр. Мемлекеттің адвокатураға деген көзқарасы өзгермейінше, азаматтардың құқықтарын, бостандықтарын мен заңды мүдделерін қорғаудың тиісті деңгейі қамтамасыз етілмейтінін ұмытпауымыз керек.

Төменде мемлекеттік органдар тарапынан адвокатураны дамытуға назардың жоқтығын растайтын фактілер келтірілген.

1. АДВОКАТТАРҒА ҚАТЫСТЫ ЗАҢНАМАНЫҢ КЕМСІТУШІЛІК НОРМАЛАРЫ

1. Өткізу режимінің қағидаларын бекіту туралы құқық қорғау органдарының нормативтік құқықтық актілері:

Адвокаттардың өзекті мәселелерінің бірі ғимараттарда және құқық қорғау органдарының аумағында техникалық құралдарды (смартфондар мен ноутбуктерді) пайдалануды шектеу болып табылады.

2016 жылдың наурызында енгізілген мемлекеттік органдардың ғимараттарында смартфондарды, планшеттерді, смарт-сағаттарды пайдалануға сөзсіз тыйым алынып тасталды және 2020 жылдан бастап мемлекеттік қызметкерлер ғимараттарда қайтадан смартфондарымен жүре алады. Алайда, шектеулерді алып тастау адвокаттарға қатысты болмай келеді.

Бүгінгі таңда барлық құқық қорғау органдарда ғимараттарға өткізу режимінің ережелерін бекіту туралы ішкі нормативтік құқықтық актілері бар.

ҰҚК және Бас прокуратураның бұйрықтарымен адвокаттардың жалпыға қолжетімді ғылыми-техникалық құралдарды, соның ішінде смартфондарды пайдалануына тыйым салынды.

ІІМ мен Қаржы Министрлігінің бұйрықтары адвокаттарға техникалық құралдарды пайдалануға тыйым салмайды, бірақ оларды осындай пайдалану үшін әкімшілік немесе қылмыстық процесті жүргізетін лауазымды адамның рұқсатын алуға міндеттейді.

Бұл шектеулер адвокаттарға қажетті білікті кәсіби заң көмегін толық көлемде көрсетуге кедергі келтіреді.

Бұдан бөлек, соттардың пікірі адвокаттардың пікіріне ұқсас екенін айтқан жөн. Төменде мынадай мысал келтіріліп отыр.

2022 жылдың қазан айында адвокат қылмыстық істің томдарымен танысу, сканерленген томдардың мазмұнын қылмыстық істің түпнұсқаларымен салыстыру және смартфонның көмегімен құжаттарды сканерлеу мақсатында ноутбук пен ұялы телефонды Сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызметтің әкімшілік ғимаратына кіргізу мүмкіндігі туралы өтінішхат білдірді.

Алайда, тергеу-жедел топ басшысының қаулысымен Сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызметтің әкімшілік ғимараттарында өткізу және объектішілік режимдерін қамтамасыз ету қағидаларына *(Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігінің Төрағасының 2016 жылғы 3 қарашадағы № 42 бұйрығымен бекітілген)* сілтеме жасай отырып, өтінішхатты қанағаттандырудан бас тартылды.

Қаулыда тергеуші аталған заттарды қылмыстық процесті жүргізетін органның әкімшілік ғимаратына енгізуге тыйым салынған заттарға жатқызғаны, бірақ тыйым салудың заңдылығын және режимдік объектінің қауіпсіздік талаптарын бұзу неде екендігін негіздемегені көрінеді.

Аталған қаулыға адвокат шағымданып, шағым тергеу судьясының қаулысымен қанағаттандырылды – жедел-тергеу тобы басшысының шешімі заңсыз деп танылды.

Қаулыда судья адвокаттық қызмет туралы Заңның 33 бабы 3 тармағының 4) тармақшасына сілтеме жасады, оған сәйкес адвокат қорғаушы немесе өкіл ретінде әрекет ете отырып, процестік құжаттарды, тергеу және сот істерін қоса алғанда, көмек сұрап өтініш жасаған тұлғаға қатысты материалдармен танысуға және оларда қамтылған ақпаратты Қазақстан Республикасының заңдарында тыйым салынбаған кез келген тәсілмен тіркеп алуға құқылы.

Сот қолданыстағы Қылмыстық-процестік кодексте қорғаушыға сотқа дейінгі процесс барысында берілуі тиіс және заңмен қорғалатын

құпияны қамтымайтын іс материалдарымен техникалық құралдарды пайдалана отырып, олардан көшірмелерін алу жолымен танысуға тыйым салынбағанын атап өтті.

Алайда, аталған сот актісіне қарамастан, Сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызмет адвокатты ғимаратқа ұялы телефон және ноутбукпен кіргізуден бас тартты. Іспен танысу тергеу изоляторында жүргізілді.

Адвокатерекше мәртебеге ие, өйткені ол соның ішінде қоғамдық-құқықтық функцияны жүзеге асырады. Осыған байланысты жалпы тәртіптегі өткізу режимі қорғаушыға қолданылмауы тиіс.

Техникалық құралдарды пайдалану мәселелерінде адвокаттар заң консультанттарымен салыстырғанда да шектеулі болды. Заң консультанты қабылданған тапсырманы орындау кезінде сотта және басқа да **мемлекеттік және мемлекеттік емес органдар мен ұйымдарда** заң көмегін көрсету үшін қажетті компьютерлерді, смартфондарды және өзге де техникалық құралдарды Қазақстан Республикасының процестік заңнамасында белгіленген тәртіппен пайдалануға құқылы.

Осы тармақта көрсетілген органдардың тізбесі адвокаттарға қатысты мұндай қолдануды тек соттарда ғана рұқсат беретін Адвокаттық қызмет туралы Заңның 35 бабының 9 тармағында келтірілген тізбеден едәуір кең.

Осылайша, техникалық құралдарды қолдану мәселесінде адвокаттар мемлекеттік қызметшілермен, прокурорлармен, лауазымды тұлғалармен, қылмыстық процесті жүргізетін органдармен және тіпті заң консультанттарымен тең болмай отыр.

2. Салық кодексі:

Адвокаттық қызмет белгілі бір дәрежеде кәсіпкерлердің қызметіне ұқсас. Алайда, егер мемлекет шағын және орта бизнес субъектілеріне қызметін жүзеге асыру үшін қолайлы жағдайлар белгілесе, **адвокаттарға осындай артықшылықтар берілмейді.**

Осыған байланысты адвокатура мен бизнесті осы жағынан теңестіру үшін Салық кодексіне адвокаттарға мынадай құқықтар беретін өзгерістер енгізу ұсынылады:

- 1) кәсіпкерлермен ұқсас салық салудың арнайы режимін пайдалануға;
- 2) адвокаттық қызметті жүзеге асыруға байланысты барлық шығыстардың салық салынатын табысынан шегерімдерге (жалпыға бірдей белгіленген салық салу режимі кезінде).

3. 2022 жылғы қаңтардағы жекелеген өңірлердегі тәртіпсіздіктер нәтижесінде шағын және орта бизнес субъектілеріне келтірілген мүліктік зиянды өтеу қағидалары:

2022 жылғы қаңтардағы қайғылы оқиғалардан кейін Үкімет азаматтар мен шағын және орта бизнес субъектілеріне келтірілген залалды өтеу тәртібін әзірледі. Сонымен қатар, кәсіпкерлерге Алматы қаласы әкімдігі тарапынан қосымша қолдау шаралары ұсынылды. Алайда, адвокаттарға қатысты мұндай алгоритм кез-келген басқа қолдау сияқты мемлекет тарапынан бекітілмеген.

Осылайша, кәсіпкерлер мемлекеттік бюджеттен ақшалай өтемақы алды, **алайда адвокаттарға өтемақы төлеуден бас тартылды.**

Осыған байланысты Республикалық адвокаттар алқасына Алматы қаласының бірнеше адвокаттары жүгінді.

Осы мәселе бойынша зардап шеккен адвокаттар мен Республикалық адвокаттар алқасы мемлекеттік органдарға жүгініп, бірақ ол нәтиже бермеді.

Зардап шеккендер жеке тұлғалар үшін белгіленген ережелер бойынша залалды өтеуге бірнеше рет өтініш берді. Алайда өтініштер қаралмады. Себеп ретінде заңнамада тәртіпсіздіктер барысында жеке тәжірибемен айналысатын адамдарға келтірілген мүліктік зиян тәртібін бекіту жөніндегі құқықтық актінің жоқтығы көрсетілді.

Адвокаттар қалалық және аудандық әкімдіктерге талап арызбен сотқа жүгінді. Қарастыру барысында адвокаттардан жеке тұлғалар ретінде залалды өтеу туралы өтініш қабылданып, бірақ оларға қайтадан бас тартылды.

Нәтижесінде сот адвокаттарға толық көлемде бас тарту туралы шешім қабылдады.

Осылайша, мемлекеттік көмек көрсету шеңберінен тыс қалып отырған **адвокаттарға деген әділетсіз көзқарас қалмай келеді.**

2. ЗАҢ ШЫҒАРУ ПРОЦЕСІНДЕ АДВОКАТТАРДЫҢ ПІКІРІН ЕЛЕМЕУ

Сот төрелігі саласындағы реформалар адвокатураның мүдделеріне де сөзсіз әсер етеді.

Жұмыс топтарының құрамында құқық қорғау органдары өкілдерінің саны құқық қорғау институттары өкілдерінің санынан басым. Сонымен қатар, өткен жыл ішінде заң шығару қызметі барысында Әділет министрлігінің ұстанымы министрліктің мемлекет кепілдік берген заң көмегі жүйесінің

жұмыс істеуі мен дамуын қамтамасыз етуге уәкілетті орган ретінде мүдделілігі тұрғысынан адвокаттық қоғамдастық күткендей дәрежеде ұсынылмады.

Осыған байланысты адвокаттардың мәселелері көбінесе қалдық принцип бойынша қарастырылуда. Бұл заң шығару қызметі процесінде адвокаттар қауымдастығының белгілі бір мәселелері бойынша ұстанымдарының ескерілмеуіне әкеліп отыр.

1. Әділет министрлігі жанындағы жобалау кеңсесі

Мемлекет басшысы 2022 жылғы 1 қыркүйектегі Қазақстан халқына Жолдауында «уақытша жағдайларға байланысты немесе аясы тар корпоративті мүдделерге бола заңдарды өзгертуге жол берілмеуге тиіс. Сондықтан, қылмыстық және қылмыстық-процестік заңнаманы түзету құзыретін Әділет министрлігіне беру қажет» деген болатын.

Осы нұсқауды іске асыру үшін қылмыстық және қылмыстық-процестік заңнамаға тексеру жүргізу үшін Әділет министрлігінің жанынан Заңнама институтының базасында жобалау кеңсесі құрылды.

Жобалық кеңсе жұмысы аясында ҚР Қылмыстық кодексінің 475 бабы бойынша адвокатура, құқық қорғау және мемлекеттік органдар өкілдері, ғалымдар, заңгерлер талдау жүргізді. Талдау жұмыс істемейтін нормаларды, қақтығыстарды, олқылықтар мен сот төрелігіне кедергі келтіретін нормаларды анықтауға бағытталды. Талдау қорытындысы бойынша бірқатар мәселелер анықталды, олар бойынша тұжырымдамалық шаралар ұсынылды.

Президенттің адвокатура саласындағы уәкілетті органға заңнаманы тексеру жөніндегі өкілеттіктерді ауыстыру туралы шешімі сақталды.

Алайда, іс жүзінде жобалық кеңсенің құрамы негізінен мемлекеттік органдардан тұрды, осыған байланысты Бас прокуратураның, Ішкі істер органдарының, Қаржылық мониторинг агенттігінің және өзге де органдардың мүдделері саны аз қоғам өкілдерінің (адвокаттар, заңгер ғалымдар) пікірінен басым болып отыр. Бұл ретте Әділет Министрлігінің құқықтық саясат департаменті заң жобасына адвокаттардың құқықтарын күшейту жөніндегі тұжырымдамалық ұстанымдардың бір бөлігін енгізді, алайда құқық қорғау органдарының өкілдері оларды қолдамайды.

Нәтижесінде дұрыс және сұранысы бар идеяның орындалуы осындай күйде жүруі, соңында өзгеріс болмауы мүмкін: **тиісті заң жобасы негізінен мемлекеттік органдардың қажеттіліктерін** қамтиды.

2. Адвокатураға қатысты мемлекеттің жүйелі көзқарасының болмауы

Адвокатураны дамыту тұжырымдамасы қабылданғаннан бері бір жылға жуық уақыт өтті. Алайда, тиісті заң жобасының ұсыныстарын мемлекеттік органдар, көп жағдайда құқық қорғау блогы қолдамай келеді.

Мысал ретінде келесі жағдайды келтіруге болады. Мәжіліс депутаттары Адвокатураны дамыту тұжырымдамасын іске асыруға арналған заң жобасында көрсетілген кейбір ережелерді ғана қамтитын заң жобасына бастамашылық жасады. Ол заң жобасы адвокаттармен алдын ала талқыланбады. Нәтижесінде адвокаттар дайындаған заң жобасының логикасы мен жалпы ұстанымы сақталмай, бұл құжат адвокатура тұрғысынан ақылға қонымсыз өзге ұсыныстарды қамтыды.

Нәтижесінде осы Заң жобасы бойынша Үкімет ұсыныстардың 95% қолдамайтын қорытынды берді.

Осылайша, депутаттар бастамашылық еткен заң жобасында адвокаттардың заңды қызметіне кедергі келтіргені үшін жауапкершілікті белгілейтін Қылмыстық кодекстің 435-бабын өзгерту жөніндегі адвокаттар дайындаған заң жобасының нормасы қамтылды. Атап айтқанда, нақты әрекеттерді тізімдей отырып, қылмыстың ресми құрамын пайдалану ұсынылды.

Алайда, Республикалық адвокаттар алқасына жіберілген Үкімет қорытындысының жобасында аталған баптың құрамын өзгертудің орындылығы күмән тудыратыны айтылған болатын, және мұндай тәсіл қоғамдық қауіп төндірмейтін әрекеттерді негізсіз криминализациялауға, судьяның, прокурордың және сотқа дейінгі тергеу органының қызметіне негізсіз араласуға, сондай-ақ олардың процестік құқықтарына айтарлықтай шектеуге әкеліп соғады.

Бұл ретте, жоғарыда көрсетілгендей, Қылмыстық кодекстің бұл бабы жұмыс істемейді, бұл адвокаттық қызмет кепілдіктерін жүйелі түрде бұзудың себебі болып отыр.

Нәтижесінде мемлекеттің адвокатураны дамыту жөніндегі бірыңғай стратегиясының болмауына байланысты заң шығару бастамасына құқығы бар адамдар Адвокаттық қызмет туралы заңға жүйесіз өзгерістер енгізе алатын жағдай туындайды. Бұл жерде осындай өзгерістер бойынша адвокатураның ұстанымы ескерілмейді. Сонымен қатар, адвокаттардың мәртебесін және соған сай олар көрсететін көмектің сапасын арттыратын жекелеген ұсыныстарды Үкімет қолдамайды.

Сонымен қатар, есепті кезең ішінде мүдделі министрліктің адвокатура проблемаларын шешу мәселелеріне қатысуы жалпы төмен екені байқалды. Бұған ресурстардың шектелуі және бейінді департаментте әртүрлі міндеттердің болуы ықпал еткен болуы мүмкін.

Мәселен, Әділет министрлігі, адвокатураны дамыту тұжырымдамасын дайындау және оны іске асыру үшін әзірленген заң жобасы бойынша Республикалық адвокаттар алқасының жұмысына қажетті назар аудармады. Аталған құжаттар таныстырылған жерлерде министрлік жалпылай адвокаттық бағдарламалық құжатты қолдады, бірақ құқық қорғау блогының ықпалына байланысты нақты түзетулерді талқылау барысында олардың ұстанымымен келісті.

Сондай-ақ, 2022 жылдың көктемінде «Заманауи адвокатура. Проблемалар мен оларды шешу жолдары» тақырыбына арналған дөңгелек үстел барысында айтылған ұсыныстарды іске асыру бойынша Жол картасына қол қойылғаннан кейін Әділет министрлігі тиісті мемлекеттік органдарға жүгінгенін айтқан жөн. Алайда адвокаттардың қызметіне әсер ететін өзгерістер туралы ұсыныстар қабылданбады. Әділет министрлігі қосымша шаралар қабылдаған жоқ.

Сонымен бірге Әділет Министрлігі халыққа заң көмегін көрсету саласындағы уәкілетті орган және адвокатураның күтуінше адвокаттардың мәртебесі мен өкілеттіктерін күшейтуге мүдделі болуы керек.

Қылмыстық кодекстің «Сотқа дейінгі іс жүргізудің немесе жабық сот талқылауының деректерін жария ету» 423 бабына енгізілген түзету адвокаттардың қызметіне әсер ететін заңнамаға енгізілген жүйесіз өзгерістердің тағы бір мысалы. Түзету «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл және мемлекеттік қорғауға жататын адамдардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» заң аясында енгізілген.

Аталған баптың жаңа редакциясына сәйкес, прокурордың не судьяның келісімінсіз сотқа дейінгі іс жүргізу деректерін жария еткені үшін қылмыстық жауаптылыққа жататын адамдардың тізімі сотқа дейінгі іс жүргізу немесе жабық сот талқылауы деректері «қызметі, жұмысы бойынша не Қазақстан Республикасының Заңында көзделген өзге де негіздер бойынша сеніп тапсырылған немесе белгілі болған» адамдарды оған қосу жолымен кеңейтіледі.

Сотқа дейінгі іс жүргізу барысында бұзушылықтарға тап болған адвокаттардың шағымдары көбінесе қажетті нәтижеге әкелмейді немесе дереу жариялауды талап етеді. Осыған байланысты адвокаттар осы бұзушылықтардың барлығына жұртшылықтың назарын аударуға мәжбүр, өйткені олар өз клиенттерінің мүдделерін барлық заңды тәсілдермен қорғауды қамтамасыз етуі керек. Бұл ретте сотқа дейінгі тергеп-тексеру деректері жария етілмейді, адвокат құқық қорғау органдары тарапынан бұзушылықтарды жариялайды.

Адвокаттар сотқа дейінгі іс жүргізу барысында шектеулі процестік өкілеттіктеріне байланысты сотқа дейінгі тергеп-тексеруді жүргізетін

органның және прокурордың қызметкерлерінен айырмашылығы қылмыстық істің барлық материалдарына қол жеткізе алмайды. Бұл айыптау мен қорғау тараптарының тең құқықтық және бәсекелестік қағидатының сақталмауын тағы да растайды.

Алайда, адвокаттардың құқық қорғау органдарының қызметкерлері тарапынан жасалған бұзушылықтарды жариялауы көбінесе сотқа дейінгі тергеу деректерін жария ету ретінде түсіндіріледі.

Ал сотқа дейінгі тергеп-тексеру органдары күдіктілер мен жәбірленушілердің деректерін, күдіктің негіздерін, сотқа дейінгі тергеп-тексерудің егжей-тегжейлері мен барысын баспасөз релиздерінде ашып, және заңды күшіне енген үкім болмаса да адамдарды сол немесе өзге де қылмыстық құқық бұзушылық жасағаны үшін кінәлі деп атай отырып, сол немесе өзге де резонанстық қылмыстық істің мән-жайларын жария ете алады.

Осылайша, қабылданған түзету адвокаттың сотқа дейінгі тергеу жүргізу кезінде құқық қорғау органдарының қызметкерлері жіберген бұзушылықтарды жариялау мүмкіндігіне қауіп төндіреді және адвокаттарды қылмыстық жауапкершілікке тарту қаупін тудырады.

Осыған байланысты бұл норма кінәсіздік презумпциясы институтын ескере отырып, барлық мәселелер мен тетіктерді тұжырымдамалық кеңірек талқылау аясында қайта қаралуы керек.

Сондай-ақ мыналарға назар аудару керек. Жоғарыда көрсетілгендей ел Президентінің нұсқауымен қылмыстық және қылмыстық-процестік заңнаманың нормаларын тексеру Әділет Министрлігі жанындағы жобалық кеңсесіне берілген болатын.

Бірақ, белгілі болғандай, қылмыстық және қылмыстық-процестік заңнамасына өзгерістер мен толықтырулар енгізу бойынша қатар жұмыс жобалау кеңсесінің құзыретіне ауыстырылған жоқ. Мемлекет басшысының тапсырмаларын елемей нәтижесінде құқық қорғау органдарының ведомстволық мүдделерін көздейтін түзетулер қабылданды.

Осылайша, мұндай істер бойынша елеулі санкциялар мен сот ісін жүргізу тәртібін көздейтін маңызды нормативтік құқықтық актілер бей-берекет өзгерістерге ұшырауды жалғастырып келеді. Бұл осы бағытта дамудың бірыңғай векторы жоқ екенін көрсетеді. Адвокатура бұл тәсілді жарамсыз деп санайды.

Осыған байланысты Салық кодексіне және Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодекске өзгерістер енгізудің бірдей тәртібін Қылмыстық, Қылмыстық-процестік, сондай-ақ Қылмыстық-атқару кодекстеріне қолдану орынды болып көрінеді. Мұндай тәсілмен кодекстерге өзгерістер мен толықтырулар ілеспе заңдармен енгізілмеуі тиіс.

3. АУЫЛ ТҮРҒЫНДАРЫНЫҢ ЗАҢ КӨМЕГІН АЛУ ҚҰҚЫҒЫН ЖҮЗЕГЕ АСЫРУДАҒЫ ҚИЫНДЫҚТАР

Адвокаттардың заң көмегін көрсету жөніндегі қызметті ұйымдастыру аймақтық адвокаттар алқаларының құзыретіне жатады.

Облыстар мен аудандар әкімдіктерінің сайттарында көрсетілген мәліметтерге сәйкес, Қазақстан Республикасының 17 облысында 166 аудан және 2283-ге жуық ауылдық елді мекен бар.

2023 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша ел тұрғындарының 38,2% ауыл халқы (Ұлттық статистика бюросының мәліметтері бойынша). Бұл ретте аймақтық адвокаттар алқаларының мәліметтері бойынша қазіргі уақытта адвокаттардың тек 10% ғана ауылда кәсіби қызметті жүзеге асырады. Олардың ішінде адвокаттардың басым көпшілігі кеңселерінің мекен-жайына сәйкес аудан орталықтарында орналасқан.

Тиісінше, заң көмегін алу үшін ауылдық округтердің тұрғындары аудан орталығына немесе жақын маңдағы қалаға жүгінуге мәжбүр. Кейбір жағдайларда адвокаттар ауыл тұрғындарына іссапарға шығу арқылы заңгерлік көмек көрсетеді.

Ауылдық елді мекендерде адвокаттардың жетіспеушілігіне ауыл тұрғындарының азаюы және оларда адвокаттардың жұмыс істеуі үшін жеткілікті жағдайлардың болмауы, сондай-ақ жекелеген елді мекендердің мәртебесінің төмендеуі себеп болып тұр.

Мысалы, Марқакөл ауылы (Шығыс Қазақстан облысы Күршім ауданында) 2021 жылдың соңына дейін тірек ауылдық елді мекен болды, онда аудан орталығы мәртебесін жоғалтқаннан кейін сот таратылды. Қазіргі уақытта бүкіл бұрынғы Марқакөл ауданының халқы – ШҚО-ның ең маңызды шекара маңы ауданы – адвокаттардың көмегіне ауданның ең шалғай ауылынан 320 км қашықтықта орналасқан аудан орталығына жүгінуге мәжбүр. Өз кезегінде Күршім ауданының 12 ауылдық елді мекеніне барлығы 4 адвокат, оның ішінде аудан орталығында 3 адвокат, Марқакөл ауылында тек 1 адвокат бар.

Тағы бір мысал: Қазақстанның Ұлытау облысы Жаңаарқа ауданындағы Жаңаарқа кентінің халқы 17,5 мың адамды құрайды (бүкіл ауданның халқы – 35,6 мың адам). Бұл ретте осы кентте 3 адвокат көмек көрсетеді. Облыс орталығына дейінгі қашықтық – 324 км.

Аймақтық адвокаттар алқасының ақпараты бойынша облыстардың жекелеген аудандарындағы адвокаттар саны өте төмен.

Мысалы, Алматы облысы Еңбекшіқазақ ауданының 26 ауылдық елді мекеніне заң көмегін тек 2 адвокат көрсетеді. Басқа аудандарда адвокаттар мүлдем жоқ.

Конституцияның 13-бабына сәйкес «әркімнің білікті заң көмегін алуға құқығы бар». Алайда адвокаттардың ауылдық жерлердегі тұрғындарға осындай көмек көрсетуіне кадрлардың жеткілікті санының болмауы мүмкіндік бермейді.

Адвокаттар санын көбейту маңызды, соның ішінде ауылдық жерлерде. 2022 жылы ел бойынша алқаға қабылданған 23 адвокат ауылдық елді мекен деңгейінде қызметке кірісті.

Бүгінгі таңда ауылдағы адвокаттардың жалпы саны – 601, ең жоғары көрсеткіштер Ақмола облысында – 156 және Қарағанды облысында – 75, ал төмен көрсеткіш Атырау және Ақтөбе облыстарында – 4 және 9 тиісінше.

Адвокаттық қызмет туралы Заңның 54-бабы ауылдық елді мекендерде кәсіби қызметті жүзеге асыратын адвокаттар үшін жеңілдікті көздейді. Бұл адвокаттар белгіленген мөлшерлеменің елу пайызы мөлшерінде мүшелік және нысаналы жарналарды төлейді.

Сондай-ақ, ауылдық елді мекендерде адвокаттардың заң көмегін көрсету бойынша жағдайды жақсарту үшін аймақтық адвокаттар алқалары өз мүмкіндіктері шеңберінде қызмет атқаруда.

Мысалы, Алматы облыстық адвокаттар алқасы (АОАА) Райымбек ауданында заң консультациясын құрды және аталған ауданда білікті заң көмегін көрсету үшін бір адвокат жіберді (халық саны – 38,7 мың адам). Адвокат Алматы облыстық сотының меншігіндегі пәтерді жалға алды. Алайда 2021 жылдың соңында адвокат оны босатуға мәжбүр болды.

Сонымен қатар, кейінірек адвокат заң консультациясының орналасқан жері болып табылатын Райымбек аудандық сотының ғимаратындағы кабинетті босатуға мәжбүр болды. АОАА-ның қолдауымен оған әкімдік ғимаратында кабинет ұсынылды, бірақ ол жылытылмайтын орын болып шықты.

Осы орайда АОАА мен Республикалық адвокаттар алқасы аудандық әкімдікке, Жоғарғы Сотқа және ҚР Әділет министрлігіне жүгінді. Алайда халыққа көмек көрсету үшін тұрғын адвокатқа үй-жай мен кеңсе беруге қолдау көрсетілмеді.

Жоғарыда келтірілген мысалдан көріп отырғанымыздай, жергілікті өзін-өзі басқару органдары халықты білікті заң көмегімен қамтамасыз ету мәселесінде ештеңе істемей отыр. Ал ауылдық елді мекендер халқының едәуір бөлігі (табысы төмен адамдар және әлеуметтік осал санаттағы азаматтар) кешенді әлеуметтік заң көмегін және мемлекет кепілдік берген заң көмегін алуға мұқтаж.

Осыған байланысты ауылда заң көмегін көрсету бойынша адвокаттардың қызметін ұйымдастыру аса маңызды, сондай-ақ бұл әкімдіктердің аймақтық адвокаттар алқаларымен тығыз өзара іс-қимылы нәтижесінде мүмкін болатыны анық.

Жергілікті атқарушы органдарға ауылдық елді мекендерде жұмыс істейтін адвокаттарды қызметтік үй-жайлармен қамтамасыз ету, сондай-ақ осындай үй-жайларды жалдау ақысын төлеу кезінде жеңілдіктер беру міндетін жүктеу ұсынылады. Сонымен қатар, мемлекет тарапынан адвокаттарға қызметтік тұрғын үй беру ұсынылады.

Бұдан басқа, қалалық және ауылдық жерлерде заң көмегін қамтамасыз етудің теңсіздігін жою үшін келешекте адвокаттарға «Дипломмен ауылға!» бағдарламасында көзделгендей әлеуметтік қолдау шаралары қарастырылуы маңызды.

IV БӨЛІМ.

**КӨРСЕТІЛЕТІН ЗАҢ КӨМЕГІНІҢ
САПАСЫ**

IV БӨЛІМ. КӨРСЕТИЛЕТІН ЗАҢ КӨМЕГІНІҢ САПАСЫ

1. МЕМЛЕКЕТ КЕПІЛДІК БЕРГЕН ЗАҢ КӨМЕГІНІҢ САПА МӘСЕЛЕЛЕРІ

Адвокаттарға халыққа білікті заң көмегін көрсету жөніндегі конституциялық міндет жүктелген.

2022 жылы 169 мың азамат адвокаттардан мемлекет кепілдік берген заң көмегін алды.

Адвокаттар қауымдастығы бұл әлеуметтік миссияны азаматтар мен заңды тұлғаларды олардың құқықтары мен мүдделерін тиісті қорғаумен қамтамасыз ету үшін өте жауапты және маңызды міндеттердің бірі ретінде қабылдайды. Осыған байланысты қорғаушылардың жұмыс істеуі үшін мемлекет кепілдік берген заң көмегі бағдарламасы бойынша тиісті жағдайды мемлекет қамтамасыз етеді деп күтілуде, өйткені Конституцияға сәйкес мемлекеттің ең жоғары құндылықтары адам, оның өмірі, құқықтары мен бостандықтары болып табылады.

Алайда, қазір біз осы салада азаматтарға көрсетілетін көмектің сапасына теріс әсер ететін бірқатар проблемаларды байқап отырмыз. Бұған адвокаттың жалақысының жеткіліксіз деңгейі, сондай-ақ адвокаттың судьяға және оның процестік қарсыласына төлем мөлшерін анықтау кезіндегі тәуелділігі жатады.

Төлемнің төмен деңгейі көрсетілетін заң көмегінің сапасына тікелей әсер етеді. Адал және білікті мамандар мемлекет кепілдік берген заң көмегі бағдарламасына қатысуға мүдделі емес. Соңғы үш жылда мемлекет кепілдік берген заң көмегін көрсететін адвокаттардың саны 62,5% -дан 39%-ға дейін төмендеуі бұл фактіні растайды. Бұл, өз кезегінде, халықтың аз қамтылған топтарын қиын өмірлік жағдайларда қорғаушының сапалы көмегіне өзінің конституциялық құқығын пайдалану мүмкіндігінен айырады.

Республикалық адвокаттар алқасы әртүрлі алаңдарда мемлекет кепілдік берген заң көмегі бағдарламасы бойынша адвокаттардың еңбекақысының төмен деңгейі туралы мәселені бірнеше рет көтерді.

Мәселен, 2022 жылдың наурыз айында Республикалық адвокаттар алқасы мен Әділет министрлігі бірлесіп «Заманауи адвокатура. Проблемалар мен шешу жолдары» атты дөңгелек стол өткізді. Кездесу қорытындысы бойынша айтылған ұсыныстарды іске асыру бойынша Жол картасы әзірленді, ол басқалармен қатар мемлекет кепілдік берген заң көмегі бағдарламасын қаржыландыру көлемін ұлғайтуды, сондай-ақ адвокаттың жұмсаған уақытын минуттық есептеуден көшуді қамтыды. Тиісті шараларды қабылдау мерзімдері белгіленіп, жауаптылар анықталды.

Сондай-ақ, мемлекет кепілдік берген заң көмегі мәселелері ҚР Парламенті Мәжілісінің депутаттарымен және ҚР Президенті жанындағы Адам құқықтары жөніндегі комиссияның отырысы шеңберінде талқыланды, содан кейін ҚР Үкіметіне мынадай ұсынымдар әзірленді:

- депутаттарға – мемлекет кепілдік берген заң көмегін көрсету жүйесіне қатысатын адвокаттарға ақы төлеу тәртібі мен еңбекақы мөлшерін ұлғайту мәселелерін қарастыру;

- Адам құқықтары жөніндегі комиссияға – мемлекеттік бюджет қаражаты есебінен адвокаттардың еңбегіне ақы төлеу тетіктерін жетілдіру жөнінде қажетті шаралар қабылдау.

Қол жеткізілген уағдаластықтарға, әзірленген ұсынымдарға, Республикалық адвокаттар алқасының мемлекеттік органдарға көптеген өтініштеріне және ол дайындаған шешімдерге, әртүрлі алаңдарда талқылауға қарамастан, **мемлекет кепілдік берген заң көмегі проблемаларының басым көпшілігі шешілмеген күйінде қалып отыр.**

1. Адвокаттың жұмсаған уақытын минутпен төлеу

Мемлекет кепілдік берген заң көмегі бойынша тиісті төлем деңгейінің болмаусебептерінің бірі адвокаттың минуттық жалақысы болып табылады. Бұл ретте бірде-бір нормативтік құқықтық акт минуттарды ескере отырып төлем жүргізуді қарастырмайды. Сонымен қатар, Жоғарғы Соттың тиісті нормативтік қаулысында адвокатқа төленетін соманы есептеу **сағаттық мөлшерлеме** бойынша жүргізілуі керек екендігі көрсетілген.

Бұл проблеманы адвокаттар бірнеше рет әртүрлі жерлерде мемлекеттік органдардың алдында көтерді, көптеген өтініштер жіберілді, бірақ ешқандай реакция болған жоқ.

2022 жылы Павлодар облыстық адвокаттар алқасының адвокаттары осы мәселеге байланысты Павлодар облысының Әділет департаментіне талап арыз берді. Аймақтық әділет органдарының адвокаттарға минутпен төлеу бөлігіндегі әрекеттерінің заңсыздығы Жоғарғы Соттың әкімшілік істер жөніндегі сот алқасы шығарған қаулымен белгіленді.

Алайда, кейінірек белгілі бір адвокаттардың былтырғы маусым айындағы өтінімдері ғана қайта қаралатыны белгілі болды. Бұдан шығатын қорытынды: мемлекет кепілдік берген заң көмегінің төлем жасау тәсілін өзгерту жүйелік деңгейде жоспарланбаған.

Осыған байланысты Республикалық адвокаттар алқасы Әділет министрлігіне осы мәселе бойынша Жоғарғы Соттың пікіріне қатысты шаралар қабылдауды сұрады. Бұл үндеуге әлі жауап алынған жоқ.

Сондай-ақ, Павлодар облысының Әділет департаменті Жоғарғы соттың қаулысын орындамағаны үшін айыппұл түрінде әкімшілік жауапкершілікке тартылды.

Қазіргі уақытта Әділет министрлігі адвокаттың мемлекет кепілдік берген заң көмегін көрсетуге жұмсаған уақытының алғашқы екі сағатын ғана дөңгелектеуді ұсына отырып, минуттық есептеу тәсілін нормативтік бекіту идеясын алға тартады.

Бұл тәсіл аталған мәселені ішінара шешетінін айта кету керек.

2. Мемлекет кепілдік берген заң көмегі бағдарламасының төмен төлем тарифтері және жеткіліксіз қаржыландырылуы

2019 жылдан бері өзгермей келе жатқан бір сағаттық жұмысқа жалақы мөлшерлемелерінің төмен көрсеткіші мемлекет кепілдік берген заң көмегі бойынша адвокаттардың төмен табысының тағы бір себебі болып табылады.

2022 жылдың аяғындағы жағдай бойынша мемлекет кепілдік берген заң көмегі бағдарламасына 2 278 адвокат тартылды. Республикалық бюджетте 2022 жылы осы бағдарламаға 2,4 млрд теңге салынды. Алайда, қолда бар мәліметтерге сәйкес, 2022 жылғы қарашада бұл сома шамамен 25% игерілмеген болып шықты.

Осыған байланысты мемлекет кепілдік берген заң көмегі жүйесіне қатысатын адвокаттың орташа айлық табысы шамамен 66 мың теңгені ((2,4 млрд теңге – 25%) / 2278 адвокатты / 12 айды құрады).

Жүргізілген сауалнамаға сәйкес мемлекет кепілдік берген заң көмегіне тартылған адвокаттардың 30% үшін бұл жұмыс жалғыз табыс көзі болып табылатынын айта кету қажет.

3. Мемлекет кепілдік берген заң көмегі саласындағы проблемаларды аралық шешу

а. Адвокаттардың жұмыстан тыс уақытта барлық тергеу әрекеттеріне қатысуына ақы төлеу жоғары ставка бойынша жүзеге асырылады.

Бұрын жоғары мөлшерлеме жұмыстан тыс уақыттағы барлық тергеу әрекеттеріне қатысты қолданылған. Бұл ретте мемлекет кепілдік берген заң көмегіне төлем мөлшерін бекіту туралы Қаулыға сәйкес бір жарым мөлшердегі төлем тек қана кейінге қалдыруға болмайтын жағдайларда жауап алуды қарастырды.

Алайда, бірыңғай ақпараттық жүйе енгізілгеннен кейін төлем Ережелерге

сәйкес жүргізілді, бағдарлама басқа тергеу әрекеттерін көрсетуге мүмкіндік бермеді.

Осыған байланысты Республикалық адвокаттар алқасы Әділет министрлігіне өзгерістер енгізу туралы ұсыныспен жүгінді, ол орындалды.

Енді түнгі уақытта, демалыс және мереке күндері қорғаушы ретінде қатысудың бір сағаты үшін төлем қылмыстық іс бойынша, сондай-ақ әкімшілік құқық бұзушылық туралы іс бойынша процестің кез келген сатысында заң көмегінің түрлері бойынша белгіленген мөлшерден 1,5 ставка бойынша жүргізіледі.

в. Адвокат орындаған мемлекет кепілдік берген заң көмегін төлеу мерзімі өзгертілді.

Бұдан бұрын мемлекет кепілдік берген заң көмегін төлеу есепті айдан кейінгі айдың 15-күнінен кешіктірілмей жүргізілді. Адвокаттар өз жинақтарынан салықтарды төлеуге мәжбүр болды, өйткені салықтарды есепті айдан кейінгі айдың 5-нен кешіктірмей төлеу міндеті бар.

Республикалық адвокаттар алқасы мәселені көтеріп, нәтижесінде мемлекет кепілдік берген заң көмегін төлеу ережелеріне өзгерістер енгізілді.

Қазір мемлекет кепілдік берген заң көмегін төлеу есепті айдан кейінгі айдың 4-нен кешіктірілмей жүргізіледі. Бұл адвокаттарға аталған төлем түскеннен кейін салықтарды сол қаражатты пайдалана отырып төлеуге мүмкіндік береді.

2. АДВОКАТ МАМАНДЫҒЫНА ҚАБЫЛДАУ


1. Тағылымдама

2022 жылы аймақтық алқаларға тағылымдамадан өтуге жіберуге барлығы 666 өтініш түсті.

659 адам өтуге жіберілді, оларды келесі топтарға бөлуге болады:




ТАҒЫЛЫМДАМАН ӨТУГЕ ЖІБЕРІЛГЕН АДАМДАР



Республика бойынша барлығы 413 адам тағылымдамдан сәтті өтті.



ТАҒЫЛЫМДАМАН СӘТТИ ӨТКЕН АДАМДАР САНЫ



Осылайша, бастапқыда адвокат болуға ниет білдірген адамдардың ішінен тек 62% ғана тағылымдаманы сәтті аяқтайды.

Сонымен қатар, 2022 жылы Адвокаттардың тағылымдамдан өтушілерінің тағылымдамдан өту тәртібі туралы Ережеге бірқатар өзгерістер енгізілді, олардың қажеттілігі сол кездегі тәжірибенің жетілмегендігінен туындады. Түзетулерді қабылдаудың негізгі мақсаты үміткерлердің білім деңгейі мен дағдыларын арттыру болып табылады.

Көрсетілген өзгерістер келесі тәртіпті белгілейді:

- прокуратура органдарының, құқық қорғау органдарының, соттардың жұмыс істеп жүрген қызметкерлері, жұмыс істеп жүрген судьялар тағылымдамадан өтуге жіберілмейді;
- тағылымдама тағылымдамадан өтушіні тіркеу жүргізілген облыста жүзеге асырылуы тиіс;
- құқық мәселелері бойынша арнайы оқудан өту міндеттілігі енгізілді;
- заң мамандығы бойынша кемінде екі жыл өтілі бар адамдар үшін тағылымдама мерзімін 6 айға дейін қысқарту қосымша мүмкін болды.

2. Адвокаттық қызметпен айналысуға үміттенетін адамдарды аттестаттау

Адвокат мәртебесін алу оңай процесс емес. Бірнеше кезеңді қамтитын тағылымдамадан және аттестаттаудан өту ең лайықты кандидаттарға адвокаттық қызметті жүзеге асыруға лицензия алуға мүмкіндік беретін «іріктеу елегі» болып табылады.

Алайда, мамандыққа кірудің қолданыстағы жүйесі келесі өзгерістерді енгізу арқылы жетілдірілуі мүмкін:

- 1) адвокаттық қызметпен айналысуға үміткер адамдарды аттестаттау жөніндегі комиссияда адвокаттар санын ұлғайту (қазір 7 мүшенің тек 3-і адвокат) және комиссияның төрағасы адвокат болуы тиіс деген талапты белгілеу;
- 2) Республикалық адвокаттар алқасының құзыретіне аттестаттау жөніндегі комиссиялардың дербес құрамын және олардың жұмыс регламентін бекітуді жатқызу;
- 3) аттестаттау жөніндегі комиссия мүшелерімен кандидаттардың әңгімелесуін енгізу;
- 4) құқық пен заңнама негіздерін, сондай-ақ моральдық және этикалық қасиеттерді білуіне тексеру жүргізу;
- 5) бұрынғы судьяларды, прокурорлар мен тергеушілерді аттестаттаудан өткізуден босататын ереженің күшін жою.

Сонымен қатар, адвокат мамандығына қабылдауға байланысты мәселелер бойынша **адвокатураға кеңейтілген құзыреттілік беру** маңызды болып көрінеді.

Республикалық адвокаттар алқасы мен аймақтық алқалар адвокаттар көрсететін көмектің сапасына жауапты. Алайда, егер адвокатура ұйымдарында мамандыққа қабылдауға бақылау болмаса, оларды заң көмегінің тиісті сапасымен қамтамасыз ету қиынға соғады.

Осыған байланысты төраға мен мүшелерінің көбі адвокаттар болып табылатын тәртіптік комиссиялардың құрамына ұқсас тәсілді қолдану ұсынылады. Бұл ретте отставкадағы судьялар мен жұртшылық өкілдерінің қатысуы шешімдер қабылдаудағы ашықтықты және одан туындайтын әділдікті қамтамасыз етеді.

3. БІЛІКТІЛІКТІ АРТТЫРУ, КЕЗЕКТІ АТТЕСТАТТАУ

1. Біліктілікті арттыру

Адвокат өз біліктілігін кемінде үш жылда бір рет арттыруға міндетті, бұл ретте оған жұмсалған сағаттардың жалпы саны жиырмадан кем болмауы тиіс. Бұл талап дәлелді себепсіз жүйелі түрде бұзылған жағдайда адвокат лицензиядан айырылуы мүмкін.

Есепті кезеңде адвокаттар біліктілікті арттыру бойынша іс-шараларға шамамен 11 мың рет қатысты.

Біліктілікті арттырудың негізгі тәсілі аймақтық алқалар мен Республикалық адвокаттар алқасы ұйымдастырған біліктілікті арттыру курстарына қатысу болып табылады.

2. Кезекті аттестаттау


Жалпы ереже бойынша адвокаттар әр бес жыл сайын кезекті аттестаттаудан өтеді.

Аттестаттау комиссиясы «аттестатталмаған» шешім қабылдаған адвокат адвокаттық қызметпен айналысуға арналған лицензияның қолданылуын тоқтату туралы лицензиарға өтінішхат бере отырып, адвокаттар алқасынан шығарылады.

2022 жылы кезекті аттестаттау процесі арқылы 762 адвокат өтті. Адвокаттардың басым көпшілігі кезекті аттестаттаудан сәтті өтеді:



КЕЗЕКТІ АТТЕСТАТТАУ



4. АДВОКАТТАРДЫҢ ТӘРТІПТІК ЖАУАПКЕРШІЛІГІ

1. Тәртіптік органдардың шешімдері бойынша статистика

Аймақтық алқалар жанындағы тәртіптік комиссиялардың, сондай-ақ Республикалық адвокаттар алқасы жанындағы жоғарғы тәртіптік органның құрамына алты адвокат, әділет органдары ұсынған жұртшылықтың үш өкілі және отставкадағы екі судья кіреді.


Адвокатураның тәртіптік комиссиясында Жоғарғы Соттың отставкадағы судьясы төрағаның орынбасары болып табылады.

Осылайша, тәртіптік істерді қарау кезінде қоғамдық бақылау функциясы жүзеге асырылады, бұл негізделген және әділ шешімдер қабылдауға әкеледі.

2022 жылы Қазақстанда 170 адвокатқа тәртіптік жаза шаралары қолданылды (Республикалық адвокаттар алқасы жанындағы тәртіптік комиссия қабылдайтын адвокатура ұйымдарының басқару органдарының мүшелеріне қатысты шешімдерді қоса алғанда):




ҚОЛДАНЫЛҒАН ТӘРТІПТІК ЖАЗА ШАРАЛАРЫ



Бұл ретте адвокаттардың тәртіптік комиссиялары шешімдерінің 30% жуығы бойынша Республикалық адвокаттар алқасы жанындағы тәртіптік органға шағым түсті:



АЙМАҚТЫҚ АЛҚАЛАР КОМИССИЯЛАРЫНЫҢ ШАҒЫМДАНАТЫН ШЕШІМДЕРІ БОЙЫНША АДВОКАТУРАНЫҢ ТӘРТІПТІК КОМИССИЯСЫНЫҢ ШЕШІМДЕРІ



Республика бойынша соңғы шараны – **адвокаттар алқасынан шығаруды қолдану** туралы шешім барлығы 22 адвокатқа қатысты (аймақтық алқалар жанындағы тәртіптік комиссиялардың шешімдерін қайта қарауды ескере отырып) қабылданды.

Тәртіптік органдар адвокаттардың іске заңсыз қатысу, процестік қарсыласымен ынтымақтастық, кәсіби этиканы бұзу, сондай-ақ заң көмегін көрсету туралы шартты ресімдеу бөлігіндегі бұзулар сияқты бұзушылықтарға төзбейтіндігін көрсетеді.

2. Адвокаттардың тәртіптік жауапкершілігі саласындағы проблемалар

а. Әділет Министрлігінің талап қою арызы бойынша лицензияны тоқтату

Әділет министрлігі адвокаттың ҚР заңнамасын, заң көмегін көрсету қағидаттарын, Адвокаттардың кәсіптік әдеп кодексін өрескел не бірнеше рет бұзғаны жағдайларда лицензияны тоқтату туралы талап қоюға құқылы.

2020 жылдың ақпанында адвокат М. Facebook әлеуметтік желісінде сот отырысының бейнежазбасы бар жарияланымды қайта жариялауына байланысты Әділет министрлігінің талабы бойынша лицензиядан айырылды. Сол жылдың маусым айында Астана қаласының қалалық соты аудандық соттың шешімін өзгеріссіз қалдырды.

Адвокаттың әріптестері М., оның ішінде Республикалық адвокаттар алқасының басшылығы, істі жоғары сот органы қараған кезде қорғаушы ретінде қатысып, адвокатқа қолдау көрсетті.

Нәтижесінде 2022 жылғы қыркүйекте Жоғарғы Соттың азаматтық істер жөніндегі сот алқасы аудандық соттың **адвокаттық қызметпен айналысу құқығына лицензиядан айыру туралы шешімінің күшін жойды.**

Осылайша, адвокат М. 2,5 жылдан астам уақыт бойы адвокаттық қызметті жүзеге асыруға мүмкіндігі болмады.

Адвокатураның қызметіне араласудағы бұл жағдай кең қоғамдық резонанс және адвокаттардың теріс реакциясын тудырды.

Адвокатура адвокаттық қызметпен айналысуға лицензияны тоқтату туралы талап қойылғанға дейін осы мәселе бойынша шешімді **адвокатураның тәртіптік комиссиясы қабылдауы тиіс** деген пікірді ұстанады. Егер тәртіптік комиссия ақылға қонымды мерзімде шешім қабылдаса, лицензиардың лицензияны тоқтату туралы талабы қойылуы мүмкін. Егер адвокатураның тәртіптік комиссиясы адвокатты алқадан шығармау туралы шешім қабылдаған жағдайда, ал онымен лицензиар келіспейтін болса, ол осы шешімге сот тәртібімен дауласуға, бірақ тәртіптік комиссияның шешімін ескермей талап арыз бермеуге тиіс.

Бұл жерде көрсетілген шара өтпелі болуы тиіс, өйткені кейіннен адвокаттық қызметті лицензиялаудан бас тарту және мамандыққа кіру мен шығуды толық бақылауды қамтамасыз етуді адвокатура ұйымдарына беру қажет. Бұл тәсіл танылған халықаралық стандарттарға сай.

Адвокаттардың қызметін лицензиялауды алып тастаудың қосымша дәлелі ретінде мынадай фактілерді көрсетуге болады.

Адвокаттық қызмет туралы Заңның 44 бабының 4 тармағында белгіленген жағдайларда адвокаттық қызметпен айналысуға арналған лицензиядан

айыру Әділет Министрлігінің талап қоюы бойынша сот тәртібімен жүзеге асырылады. Бұл ретте сол баптың 5 тармағына сәйкес адвокаттар алқасы төралқасының өтінішхаты осындай талап арызды дайындау үшін негіз болып табылады.

Сондай-ақ, адвокаттық қызмет туралы Заңның 60 бабы мынадай тәртіпті көздейді: адвокатты заңдарды өрескел не бірнеше рет бұзуға жататын негіздер бойынша адвокаттар алқасынан шығару адвокаттық қызметпен айналысуға арналған лицензияның қолданылуын тоқтатуға әкеп соғады.

Республикалық адвокаттар алқасы аймақтық алқаның тәртіптік комиссияның шешімі негізінде заңнаманы өрескел және бірнеше рет бұзуына байланысты адвокатты алқадан шығарған бірнеше жағдайларды біледі, содан кейін алқа уәкілетті органға лицензияның күшін жою туралы тиісті өтінішхат жолдады. Алайда Әділет министрлігі қажетті шараларды қабылдаған жоқ.

Осындай жағдайлардың бірі бойынша адвокат кейіннен қасақана қылмыс жасағаны үшін қылмыстық істің қатысушысы болғанына қарамастан әлі де қолданыстағы лицензияға ие.

Алқа бірнеше рет әділет органдарына тиісті шаралар қабылдауды талап етіп жүгінгенін, алайда мұндай өтініштер еленбегенін айта кету керек.

Осылайша, мемлекеттің шамадан тыс бақылауы адвокат мәртебесінен айыруға негіздер анықталған кезде адвокатурада лицензияны тоқтатуды жүзеге асыратын құралдардың жоқтығына әкеліп отыр.

Осыған байланысты адвокаттардың мамандықтан шығуына қатысты шешімдер қабылдау жөніндегі өкілеттіктерді адвокатураға беру азаматтар мен заңды тұлғаларға көрсетілетін көмектің сапасын арттыруға мүмкіндік береді деп болжанады.

b. Сот актісі негізінде адвокаттарды жауапқа тарту

Адвокатқа қатысты тәртіптік іс қозғауға сот шығарған жеке қаулы (ұйғарым) себеп болуы мүмкін.

Есепті кезеңде барлығы 48 жеке сот қаулылары (ұйғарымдары) келіп түсті, олардың 37-сі бойынша тәртіптік іс қозғалды.

Бұл бағытта адвокаттар келесі мәселеге назар аударады.

Жеке қаулылар мен ұйғарымдар сот актілері болып табылады. Алайда, олар шығарылғанға дейін оған тән барлық элементтермен сот талқылауы: тараптардың және процестің басқа қатысушыларының түсіндірмелерін тыңдау, іс материалдарымен танысу, дәлелдемелерді зерттеу бойынша басқа әрекеттер болмайды.

Бұл ретте сот актісінің тұжырымы тәртіптік органдарды істі қарау қорытындылары бойынша жауапқа тарту үшін негіздердің болмауына байланысты істі тоқтату мүмкіндігін қалдырмай, адвокатты жауапқа тартуға міндеттейді.

Осылайша, адвокат бұзушылық жасағаны үшін бірден кінәлі деп танылады. Адвокаттың өз мүдделерін қорғау үшін қол жетімді жалғыз құралы сот актісіне шағымдану.

Тәртіптік комиссиялардың құрамында кандидатураларын Әділет министрлігі ұсынатын жұртшылық өкілдерінің, сондай-ақ отставкадағы судьялардың болуы адвокаттарға өздерінің әріптестері тарапынан жылы шырайлы көзқарас көрсету тәуекелдерін болдырмайтыны анық.

Осыған байланысты адвокатураның тәртіптік органдарының сот актілерін адвокаттарды жауапқа тарту үшін негіздердің болуын белгілеуге мүмкіндік беретін жалпы тәртіппен қарауы орынды болып көрінеді.

с. Соттардың адвокаттарды алқалар құрамынан шығару туралы тәртіптік комиссиялардың шешімдерін жоюы

Жоғарыда айтылғандай, 22 адвокатқа адвокаттар алқасынан шығару жөнінде шекті шара қолданылды. Алайда адвокаттар бұл шешімдерге сотта дау айтып, ақырында тәртіптік органдардың шешімдері жойылады.

Мұндай сот практикасы, басқалармен қатар, Адвокаттық қызмет туралы заң нормаларының жетілмегендігімен негізделуі мүмкін, бұл оларды қолдануда қиындықтарға әкеледі.

Тәртіптік комиссия адвокатты алқадан шығару үшін негіздердің болуын белгілеген кезде комиссия тек тиісті алқаға ***адвокаттың алқаға мүшелігін тоқтату туралы мәселені қарауды тапсыра алады.***

Әрине, адвокаттың адвокаттар алқасына мүшелігін адвокаттар алқасының төралқасы ғана тоқтата алады, өйткені бұл Адвокаттық қызмет туралы заңда тікелей бекітілген.

Алайда, адвокатураның тәртіптік органы адвокаттың бұзушылығын алқа мүшелігінен айыру үшін жеткілікті деп тапқанымен, кінәлі адвокатты алқа мүшелігінен айыру туралы шешімді қабылдау сол адвокат мүше болып отырған алқа төралқасы құзыретіне жататыны мүлдем қисынсыз болып көрінеді. Бұл жағдай адвокатураның тәртіптік органының мәртебесін төмендетеді, сондай-ақ тәртіптік органдар шешімдерінің міндетті сипаты туралы Адвокаттық қызмет туралы заңның қолданыстағы нормаларын белгілі бір дәрежеде мағынасынан айырады.

Сонымен қатар, сот дәл осындай пікірді ұстанады, ол әртүрлі адвокаттарға қатысты бірнеше сот шешімдерімен расталған.

Адвокаттарды алқалардан шығару туралы 22 шешімнің 10-на шағым жасалды. Оның ішінде 6 шағымды сот қанағаттандырды, 1 шағым сот қарауында.

Бұл ретте дау атылған адвокатураның жоғары тәртіптік органының адвокаттарды алқалардан шығару туралы шешімдері отставкадағы Жоғарғы Соттың екі судьясының қатысуымен қабылданғанын, олардың бірі тәртіптік комиссия төрағасының орынбасары болып табылатынын атап өткен жөн. Сот органдарының өкілдері сот процесінде адвокаттардың дәрекі мінез-құлқын жиі айтады, бірақ адвокаттарды алқалардан шығару туралы шешімдердің күшін жою мамандықты лайықсыз өкілдерден тазарту үшін адвокатураға мүмкіншілік бермей келеді.

Адвокатураның жоғары тәртіптік органы қабылдаған адвокаттарды алқалардан шығару туралы шешімдерге қатысты шағымдар бойынша сот алқа төралқаларының құзыретіне жататындығына байланысты адвокатураның тәртіптік комиссиясының адвокаттың аймақтық алқаға мүшелігін тоқтатуға құқығы жоқ деген қорытындыға келеді.

Тәртіптік органдар жұмысының мақсаттарының бірі адвокаттарға қойылатын талаптарға сәйкес келмейтін немқұрайлы адвокаттардан адвокатура қауымдастығының «өзін-өзі тазартуы». Алайда қалыптасқан сот практикасы адвокатураға оны осы аспекті бойынша сауықтыруға мүмкіндік бермейді.

V БӨЛІМ.

ҚОРЫТЫНДЫЛАР

V БӨЛІМ. ҚОРЫТЫНДЫЛАР

Ұлттық баяндама адвокаттардың мәртебесі мен құқықтарына, сондай-ақ адвокаттық қызметтің кепілдіктеріне түбегейлі өзгерістер енгізу қажеттілігі туындағанын көрсетеді.

Бұл ретте Республикалық адвокаттар алқасы осы Ұлттық баяндаманы қабылдай отырып, өз алдына тек қазіргі жағдайды сынауды мақсат етіп қойған жоқ. Біз адвокаттардың құқықтары мен олардың кәсіби қызметінің кепілдіктері мүлтіксіз сақталуы үшін бас құқық қорғау институтының даму бағыттарын анықтағымыз келеді. Сонда ғана азаматтар өз құқықтары мен бостандықтарын толық қорғауға сене алады.

Сондықтан бұл құжат одан әрі өзгерудің бастапқы нүктесі ретінде қабылдануы керек. Төменде Ұлттық баяндаманың негізгі қорытындылары келтірілген.

1. Адвокатура азаматтық қоғам мен құқықтық мемлекет ұстанатын тіректердің бірін білдіреді.

Бүгінгі таңда тараптардың тең құқықтылығы мен бәсекеге қабілеттілік қағидаты заңмен де сақталмайды – прокурор қылмыстық процесте әлдеқайда кең құқық тізіміне ие.

Жағдай күрделене түсуде, тіпті адвокаттық қызметтің белгіленген құқықтары мен кепілдіктері бұзылуда. Адвокаттардың Республикалық адвокаттар алқасына құқық қорғау органдары тарапынан олардың кәсіби құқықтарын бұзу туралы өтініштерінің саны жыл сайын артып келеді.

Бұл ретте адвокаттық қызметке кедергі келтіргені үшін әкімшілік жауапкершілікке тартатын бап жұмыс істейді, бірақ ол бұзушылықтардың тар шеңберін ғана қамтиды, атап айтқанда адвокаттық сұрау салуға ақпарат бермеу бойынша бұзушылық.

Өз кезегінде, адвокаттардың қызметіне кедергі келтіргені үшін жауапқа тарту туралы Қылмыстық кодекстің нормасы жұмыс істемейді. Республикалық адвокаттар алқасы осы бапты қайта қарау қажет деп санайды. Қылмыстың ресми құрамын қолдану ұсынылады – адвокаттық қызметке кедергі келтіретін нақты әрекеттерді тізімдеу осы норманы қолдануды жеңілдетеді.

Сонымен қатар, адвокаттық қызмет кепілдіктерін кеңейту қажеттілігі туындады.

Жалпы, мемлекеттік органдар тарапынан адвокатура институтына немқұрайлы қарау тәжірибесі тоқтатылуы тиіс. Азаматтардың заңды құқықтарын қорғау құқықтық мемлекеттің негізгі басымдығы.

2. Мемлекетте адвокатураны дамытудың бірыңғай стратегиясының болмауы стихиялық заң шығаруға әкеліп соғады. Нәтижесінде, пысықталмаған заң жобаларына байланысты көптеген ақылға қонымды ұсыныстар қолдау таппай, ал адвокатураға объективті зиян келтіретін ақылға қонымсыз ұсыныстар Парламент арқылы өтіп отырады.

Осыған байланысты заң көмегін көрсету саласындағы мемлекеттік саясаттың негізгі бағыттарын айқындау және әзірлеу аса маңызды шара болып табылады.

3. Адвокаттардың қызметіне тікелей қатысы бар заң жобаларын әзірлеу кезінде адвокатураның пікірі жиі ескерілмейді. Заң шығару қызметі бойынша жұмыс топтары көбінесе мемлекеттік органдардың қызметкерлерінен тұрады. Бұл заң жобаларының негізінен ведомстволық мүдделерді қанағаттандыратын нормаларды қамтуына әкеледі.

Осыған байланысты заңнамалық түзетулерді талқылау кезінде жұртшылық пен мүдделі мемлекеттік органдар өкілдерінің санын теңестіру орынды болып көрінеді.

4. Мемлекет кепілдік берген заң көмегін көрсету саласындағы проблемалар нәтижесінде қоғамның әлеуметтік осал топтарына жататын азаматтардың зардап шегуіне әкеледі.

Қолданыстағы мәселелерді шешу үшін келесі шараларды қабылдау қажет:

1) адвокат жұмсаған уақыттың минуттық есебінен кетіп, автоматты түрде сағаттық есептеуге көшу, бұл қорғаушының еңбекақысының мөлшерін анықтаған кезде адвокаттың тергеушіге/судьяға тәуелділігі мәселесін шешуге мүмкіндік береді;

2) мемлекет кепілдік берген заң көмегін көрсету ставкаларын ұлғайтуға және істің ауырлығына, бұзушылықтардың эпизодтылығына, қорғауындағылардың санына қарай қосымша коэффициентпен базалық ставканы қолдануға;

3) мемлекет кепілдік берген заң көмегін көрсету бағдарламасын қаржыландыру көлемін ұлғайту.

5. Бұл мәселеде адвокатураның құзыретін кеңейте отырып, мемлекет тарапынан адвокаттық мамандыққа жіберуді бақылау деңгейін төмендету қажет. Бұл ретте адвокаттық лицензия алуға үміткерлердің мінез-құлық индикаторлары мен беделін тексеруді қамтамасыз ету қажеттілігі туындайды.

6. Жалпы ереже бойынша теріс негіздер бойынша мамандықтан шығу адвокатураның тәртіптік органдарының тиісті шешімі болған кезде жүзеге асырылуы тиіс.

Бұл ретте, егер тәртіптік комиссиялар ақылға қонымды мерзімде шешім қабылдасаса, Әділет министрлігінде талап қою құқығы қалуы тиіс. Алайда, кейіннен адвокаттық қызметті лицензиялауды толығымен жою арқылы мұндай тәсілден бас тарту қажет.

Заң көмегін көрсету саласындағы уәкілетті орган ретінде Әділет министрлігі қорғаушылардың құқықтары мен кепілдіктерін күшейтуге мүдделі болуы және осы мақсатты жүзеге асыру үшін тиісті өкілеттіктерге ие болуы тиіс.

Егер Әділет министрлігі адвокаттық қоғамдастықтың проблемаларына тиісті назар аударса, бұл азаматтардың білікті заң көмегіне құқығын қамтамасыз ету бойынша мемлекеттің конституциялық-құқықтық міндетін тиімді орындауға жақсы серпін болады деп санаймыз. Біздің ойымызша, осы бағыттағы келесі қадам Министрліктің осы проблемаларды шешу мәселесінде Республикалық адвокаттар алқасымен белсенді ынтымақтастығы болуы тиіс.

Өз тарапынан Республикалық адвокаттар алқасы ортақ мақсаттарға қол жеткізу үшін ынтымақтастыққа толық дайындығын білдіреді.

Осы мақсаттардың ішіндегі ең бастысы Қазақстанның адвокаттарының мәртебесін әлемдік қоғамдастық мойындаған стандарттар деңгейіне көтеру.



**НАЦИОНАЛЬНЫЙ ДОКЛАД
о состоянии адвокатуры и деятельности
адвокатов по защите прав и свобод
граждан в 2022 году**

Президент Республики Казахстан Касым-Жомарт Токаев:

«Важный критерий правового государства – беспристрастное и справедливое правосудие. Суд должен быть состязательным, а судья – свободным от стороны обвинения. Для этого необходимо обеспечить равенство адвоката и прокурора»

*Послание народу Казахстана
«Казахстан в новой реальности: время действий»
1 сентября 2020 года*



«Строительство правового государства невозможно без сильной и независимой адвокатуры.

Эффективность госаппарата в значительной степени связана с созданием возможностей для профессиональной защиты прав и интересов граждан и предприятий.

От этого также зависит уровень предпринимательской и инвестиционной активности в стране.

Поэтому роль адвоката здесь сложно переоценить»

*V заседание Национального совета общественного доверия
25 февраля 2021 года*




«Защищая права граждан, нельзя забывать и о правах правозащитников, в том числе адвокатов. Следует обеспечить безопасность их деятельности, пресекать незаконные действия, препятствующие их работе»

*Послание народу Казахстана
«Единство народа и системные реформы – прочная основа процветания страны»
1 сентября 2021 года*



СОДЕРЖАНИЕ

ВВЕДЕНИЕ	67
I. Общая информация о состоянии адвокатуры	71
1. Количество адвокатов	72
2. Статистика по оказанной юридической помощи	76
II. Нарушения профессиональных прав адвокатов и гарантий адвокатской деятельности	77
1. Недопуск адвокатов к следственным действиям в отношении их подзащитных	79
2. Препятствия для свиданий адвокатов со своими подзащитными	83
3. Непредоставление материалов дел адвокатам для ознакомления	86
4. Проблемы допуска адвокатов к государственным секретам	87
5. Проведение негласных следственных действий в отношении адвокатов	88
6. Нарушения, связанные с адвокатскими запросами	90
7. Недостаточность гарантий адвокатской деятельности	92
8. Статистика обращений адвокатов о нарушении их прав в Республиканскую коллегию адвокатов	93
III. Отсутствие должного внимания со стороны государства к проблемам адвокатуры	95
1. Дискриминационные нормы законодательства	96
2. Игнорирование мнения адвокатуры в законодательном процессе	100
3. Сложности при осуществлении сельскими жителями права на получение юридической помощи	104
IV. Качество оказываемой юридической помощи	107
1. Проблемы качества ГГЮП	108
2. Допуск к профессии адвоката	111
3. Повышение квалификации, очередная аттестация	114
4. Дисциплинарная ответственность адвокатов	115
V. Выводы	121



ВВЕДЕНИЕ

Конституция Республики Казахстан гласит, что высшими ценностями нашего государства являются человек, его жизнь, права и свободы (*пункт 1 статьи 1*).

В целях соблюдения гарантий прав и свобод человека Конституцией закреплено право каждого на получение квалифицированной юридической помощи (*пункт 3 статьи 13*).

Конституционный Совет Республики Казахстан в своих постановлениях неоднократно указывал, что Конституция возлагает на адвокатов особую обязанность по оказанию квалифицированной юридической помощи как физическим, так и юридическим лицам, а на государство — по обеспечению конституционного права каждого на такую помощь. Конституционно-правовая задача оказания квалифицированной юридической помощи физическим и юридическим лицам является обязанностью, главным образом, адвокатов (*постановление от 2 июля 1999 г. №12/2, Нормативное постановление от 20 августа 2009 года №5*).

На протяжении трех десятилетий казахстанская адвокатура осуществляет свою миссию, осознавая всю ее важность. Однако до недавнего времени проблемы адвокатов находились на периферии внимания государства.

Ситуация изменилась, когда Главой государства были озвучены установки на преобразования в деятельности адвокатов.

Так, в Послании народу Казахстана от 1 сентября 2020 года Президент отметил необходимость обеспечения равенства прокурора и адвоката.

На заседании Национального совета общественного доверия 25 февраля 2021 года Президент подчеркнул, что «строительство правового государства невозможно без сильной и независимой адвокатуры».

В своем Послании народу Казахстана от 1 сентября 2021 года Касым-Жомарт Токаев заявил, что «защищая права граждан, нельзя забывать и о правах правозащитников, в том числе адвокатов. Следует обеспечить безопасность их деятельности, пресекать незаконные действия, препятствующие их работе».

Адвокатура восприняла озвученные Президентом программные установки с большой надеждой и воодушевлением, поскольку объем закрепленных в законодательстве прав адвокатов и гарантий адвокатской деятельности является недостаточным. Более того, существующие нормы не работают в полной мере, и на практике защитники постоянно сталкиваются с воспрепятствованием их профессиональной деятельности.

